



КИМЕШЕКТИҢ КИЕСІ

10-БЕТ | НАУРЫЗ



«СЕРГЕК» БӘРІН КӨРЕДІ

13-БЕТ | ҚҰҚЫҚ



«АЛЖИР» АНАЛАРЫНЫҢ РЕКВИЕМІ

16-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ПРЕЗИДЕНТ ҚЫТАЙҒА БАРАДЫ

Мемлекет басшысы 28-29 наурызда Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барады. Қасым-Жомарт Тоқаев Боао Азия форумының сессиясына қатысады.

Форум Қытайдың оңтүстігіндегі Хайнань провинциясында «Азия және әлем: ортақ міндеттер, ортақ жауапкершілік» ұранымен өтеді. Сонымен қатар, сапар бағдарламасына Қазақстан

Президенті мен Қытай Халық Республикасы басшылығының, халықаралық ұйымдар мен Қытайдың ірі компанияларының басшыларымен бірқатар кездесулер өткізу жоспарланған.

№36-37
(4625)

Бейсенбі
28 наурыз
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНА – 30 ЖЫЛ

Биыл Қазақстан Республикасының өкілді органы мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толып отыр. Елімізде алғашқы мәслихат депутаттарын сайлау 1994 жылы өткен болатын. Өкілді органның мерейлі белестері туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов ой бөліседі.

6

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАРҒА – ГРАНТ

«Zhas Project» жобасы аясында жастарға 1 миллион теңге көлемінде шағын гранттар берілетін жобаға қатысу үшін өтінім беру басталды.

«Zhas Project» жобасына NEET санатындағы, яғни 18 бен 34 жас аралығындағы жұмыссыз жастар қатыса алады. Жастарды қолдауды мақсат еткен жоба елдің 20 өңірін қамтиды. Биыл 280 жобаны қолдау жоспарланып отыр. Грантты иеленгеннен кейінгі басты талап – жобаны 4 айда жүзеге асыру.

Өтініштер 24 сәуір сағат 23:59-ға дейін қабылданады.

Астана бойынша жобаны басқаратын және өтініш қабылдайтын ҰЕҰ-мен байланыс мәліметтері cisc.kz сайтында, Zhas Project бөлімшесінде көрсетілген. 25 сәуір мен 14 мамыр аралығында өтінімдер іріктеліп, 15 мамырда конкурс нәтижесі жарияланады.

БІРІНШІ СЫНЫПҚА ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ

Биыл бірінші сыныпқа өтініш қабылдау 1 сәуірде басталып, 31 тамызға дейін жалғасады.

Ата-аналар баланың құжаттарын электрондық үкіметтің egov.kz веб-порталы арқылы тапсыра алады.

Балалар бірінші сыныпқа алты жастан бастап ата-анасы немесе заңды өкілінің өтініші негізінде қабылданады. Өтінішпен бірге №065у формасындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама, 026/у-3 баланың денсаулық паспорты және баланың екі дана 3x4 фотосуреті болу керек.

Өтінішті қабылдау мектептерде демалыс және мереке күндерді қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін жүргізіледі.



НАУРЫЗНАМА: ЖАҢАША ЖАҢҒЫРҒАН МЕРЕКЕ

Биыл Қазақстанда өз-Наурыз «Наурызнама» деген атпен ерекше тойланды. «Амал мерекесінен» басталып, «Тазару күнімен» аяқталған мереке он күн бас қаланы наурыз шаттығына шомылдырды. Сондай-ақ «Қайырымдылық күні», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні», «Шаңырақ күні», «Ұлттық киім күні», «Жаңару күні», «Ұлттық спорт күні», «Ынтымақ күні», «Жыл басы» деген атаулармен әр күні бір мереке айрықша атап өтілді. Бұл халықтың Наурыз мерекесіне, салт-дәстүрімізге деген ықыласын күшейтсе, ұлттық құндылықтарымыздың ұлықталуына үлкен мүмкіндік ашты.

8-9

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 491.26 \$ USD/KZT 449.3 ₪ RUB/KZT 4.93 ¥ CNY/KZT 62.61

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№36-37 (4625) 28/03/2024 Бейсенбі



ӘКІМГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жөнінде мәлімет берілді.

Астана қаласының әкімі барлық негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалатынын айтты. Былтыр тартылған инвестиция көлемі 1,6 триллион теңгені құрады. Өңдеу өнеркәсібі, білім, медицина, логистика, көлік және басқа да салаларда іске асырылған жобалардың нәтижесінде 1,8 мың жұмыс орны ашылды.

Өткен жылы Joltar жобасы аясында 6 мыңға жуық азамат жұмысқа орналасты. Ал биыл жұмыспен қамтылатын азаматтардың санын 2 есе ұлғайту, яғни 12 мың адамнан асыру жоспарланып отыр. Жалпы 2024 жылы 58 мыңға жуық

жұмыс орнын ашу көзделген.

Сонымен қатар Президентке жылғы маусымның барысы туралы да баяндалды. Былтыр күзде «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясының бірінші кезегін және үшінші ЖЭО-ны іске қосу нәтижесінде жылу қала бойынша ұзақ уақыттан бері алғаш рет артығымен беріліп жатыр. Елорданың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін бұл нысандардың қуаты – сағатына 1140 гигакалория.

Мемлекет басшысына биыл «Тельман» газ жылу станциясының бірінші кезегі және «Тұран» газ жылу станциясының екінші кезегі, үшінші ЖЭО-ның көмір-

мен жылытылатын бөлігінің іске қосылатыны туралы мәлімет берілді. Бұл нысандар қаланы қосымша 600 Гкал/сағат жылу қуатымен қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандардың (мектептер, Оқушылар сарайлары, балабақшалар, медициналық орталықтар, жеңілдікпен берілетін тұрғын үйлер) құрылысы, апатты жағдайдағы ескі үйлерді сүру, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды салып бітіру, тұрғын үй алаптарын дамыту, қаланы абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары туралы айтты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

АҚШ СЕНАТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы АҚШ сенаторы Стив Дэйнсті қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Сенатының мүшесі Стив Дэйнге илтипат білдіре отырып, Қазақстан мен Американың ынтымақтастығы дәстүрлі түрде қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар екіжақты қатынастарда парламенттік дипломатия маңызды рөл атқаратынын айтты.



Кездесу барысында сауда-экономикалық ықпалдастық мәселелері қарастырылды. Қазақстан Президенті елімізде инвестиция тарту, экономиканы ырықтандыру және өнеркәсіпті дамыту ісіне ерекше назар аударылып отырғанын мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, энергетика, пайдалы қазбаларды барлау әрі өңдеу,

инфрақұрылымды жаңғырту және басқа да салалар қазақ-американ қарым-қатынастарының негізгі бағыттары саналады. Сондай-ақ халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселесіне баса мән берілді.

Бұл ретте Президент Мәскеу облысындағы лаңкестік әрекетті Қазақстан әлемде алғашқылардың бірі болып қатаң айыптаған

нын және осындай қиын-қыстау кезеңде Ресеймен бірге екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, барлық ел терроризмге қарсы күресте өзара қарым-қатынастарындағы қайшылықтарға қарамастан, үлкен халықаралық коалиция аясында күш біріктіруге тиіс. Қазақстан осы маңызды іске өз үлесін қосуға дайын.

АСТАНАДА ЕЛШІЛІК АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Кипр Республикасының Сыртқы істер министрі Константинос Комбосты қабылдады. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Кипр Республикасымен серіктестік қарым-қатынасты дамытуға ниетті екенін растады. Мемлекет басшысы дипломатиялық қатынаста орнаған 32 жылдың ішінде елдеріміз арасында берік саяси диалог пен инвестициялық ынтымақтастық қалыптасқанына назар аударды.

Президент Кипр үкіметінің Астана қаласында елшілік ашу туралы шешімін құптады. Оның айтуынша, бұл қадам дипломатиялық байланыстардың жаңа кезеңіне жол ашып, өзара серіктестіктің дамуына серпін береді.

Өз кезегінде Константинос Комбос қонақжайлық танытқаны үшін ризашылығын білдіріп, Кипр мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор мүмкіндік бар екенін атап өтті. Бұдан бөлек, кездесу барысында сауда-экономика, инвес-

тиция, туризм салаларындағы ынтымақтастықты нығайту перспективасы қарастырылды. Бұған қоса халықаралық және өңірлік күн тәртібі, соның ішінде БҰҰ мен Еуропа Одағы аясындағы ықпалдастық мәселелері талқыланды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ СЕРПІНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП партия комитеті хатшысының орынбасары, ШҰАА Халық үкіметінің төрағасы Эркин Туниязды қабылдады. «Президент жуырда Үрімжіге барып, Қазақстанның Қытаймен, соның ішінде Шыңжаң провинциясымен арадағы ынтымақтастығын дамыту перспективаларына байланысты маңызды келіссөздер жүргізетінін айтты.



Біз Қытайдың экономикалық өсімін жіті бақылап отырмыз және бұл бағыттағы қарқынды дамуы мен қол жеткізген нәтижелеріне баса мән береміз. Қытай – экономикалық даму тұрғысынан әлемдегі басты елдердің бірі. Сондықтан біз сияқты көрші мемлекетке ынтымақтастықты ілгерілету тиімді әрі қажет. Қазақстанға келер табысты дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз» деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің Шыңжаңмен сауда, өнеркәсіп, көлік, логистика, ауыл шаруашылығы және туризм сияқты көптеген сала бойынша табысты қарым-қатынас орнатқанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл

өлке Қазақстанның ҚХР-мен сан қырлы байланысын нығайтуда стратегиялық рөл атқарады.

Өз кезегінде Эркин Тунияз қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. «Үш зұлмы күшке» қарсы күреске және осы аймақтағы тұрақтылықты сақтауға қосқан үлесіңіз үшін Сізге алғыс айтқым келеді. Қытай мен Қазақстан арасындағы достықтың тарихы тереңде жатыр. Төраға Си Цзиньпиннің стратегиялық басшылығымен және Сіздің қолдауыңызбен «Бір белдеу, бір жол» бастамасы мен «Нұрлы жол» экономикалық даму бағдарламасы сәтті ұштастырылды. Екі ел мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік

орнатты. Өткен жылы наурыз айында Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП партия комитетінің хатшысы Ма Синжуй бастаған делегация Қазақстанға келіп, өте маңызды келісімдерге қол жеткізгенін ерекше атап өткен жөн. Былтыр қазан айында Сіз Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына сапармен келдіңіз. Бұл өзара ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға тың серпін берді» деді ШҰАА Халық үкіметінің төрағасы.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Шыңжаң Халық үкіметі төрағасының Қазақстанға сапары өңіраралық кооперация мен шекара маңындағы облыстардың өзара ынтымақтастығын одан әрі дамытуға ықпал ететініне сенім білдірді.

ТЕРРОРИЗМДІ АЙЫПТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысы өтті.

Мемлекет басшысы бейбіт тұрғындарға қатысты Мәскеу облысында болған зорлық-зомбылық әрекетті тағы да айыптай отырып, терроризмге қарсы күресте Қазақстанның Ресеймен бірге екенін растады.

Жиын барысында құқық қорғау құрылымдары мен жергілікті атқарушы органдардың зорлық-зомбылық әрекетті тағы да айыптай отырып, терроризмге қарсы күресте Қазақстанның Ресеймен бірге екенін растады.

Жыын барысында құқық қорғау құрылымдары мен жергілікті атқарушы органдардың зорлық-зомбылық әрекетті тағы да айыптай отырып, терроризмге қарсы күресте Қазақстанның Ресеймен бірге екенін растады.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Грек Республикасының Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Катерина Сакелларопулуды және грек халқын ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Бүгінде Грекия Еуропа Одағының белсенді елдерінің бірі ретінде өзінің тұрақты даму, халықтың әл-ауқатын жақсарту және халықаралық қауымдастықтағы беделін арттыру жолында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Осы ретте мемлекетіңіздің әрі қарай

қарыштап дамуына, мерейі әрқашан үстем болуына тілектеспін. Қазақстан мен Грекия арасындағы мазмұнды саяси диалог пен дәстүрлі достықтан серпін алатын ынтымақтастығымыздың аясы жылдан-жылға кеңейіп жатқанын ризашылықпен атап өтемін. Келешекте ел-

деріміз арасындағы ықпалдастық және сан қырлы байланыстар ауқымы одан әрі ұлғая түсетініне кәміл сенемін» деп жазылған жеделхатта. Қасым-Жомарт Тоқаев Катерина Сакелларопулудың аса жауапты қызметіне толағай табыс, ал достас Грекия халқына құт-береке тіледі.



ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы қаралды. Көктемгі дала жұмыстарын оңтайлы мерзімде жүргізу азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров болжам бойынша, биыл егіс алқабы 23,8 млн га құрайтынын, бидайға 429,2 мың га қысқартумен 13,3 млн га жер бөлінетінін айтты. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар және жоғары рентабельді дақылдар көлемін арттыру көзделуде. Атап айтқанда, биыл 3,2 млн гектар алқапқа майлы дақылдар егілмек. Сондай-ақ құнбағыс сияқты әлеуметтік маңызы бар дақылдар көлемін 60 мың гектарға ұлғайтып, жалпы алқапты 1,2 млн гектарға дейін, қант қызылшасын 12 мың гектардан 25 мың гектарға дейін жеткізу күтілуде.

Дәнді, көкөніс-бақша дақылдары мен картоптың жоспарланған көлемі ішкі нарық қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Сонымен қатар жем-шөп дақылдарының ауданы 3,2 млн гектарға дейін ұлғаяды. Егіс жұмыстары Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында басталып, мамыр айының екінші онкүндігінде жаппай науқан басталады.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев диқандарды арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз ету жағдайы туралы баяндады. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 340 мың тонна дизель отынын жеткізу кестесі бекітілді. Баға барлық 20 өңірде 2023 жылғы деңгейде қалды – ҚҚС-мен литрі 250 тенге. Бұл бөлшек сауда құнынан 15%-ға төмен. Сондай-ақ егіс жұмыстарының басталуы және өз болжамдары туралы Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов баяндады.

Олжас Бектенов егіс науқанын сапалы әрі уақтылы жүргізу мақсатында

Үкімет қажетті шаралар қабылдағанын атап өтті. Атап айтқанда, «Кең дала» бағдарламасы бойынша жеңілдікпен 140 млрд теңге несие беріледі. Сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қосымша 100 млрд теңге бөлінеді. Сондай-ақ форвардтық сатып алуға 40 млрд теңге және субсидиялар түрінде 95,4 млрд теңге қарастырылған.

Олжас Бектенов суармалы алқаптарды кеңейту, егіс алқаптарын әртарап тандыру және қажетті статистикалық деректерді өзектендіру керек екенін атап өтті. Бұл бағыттағы жұмыс ай сайын Үкіметте қаралатын болады. Сондай-ақ Премьер-министр бүгінде елімізде сапалы тұқым қоры мен тұқымның импортына тәуелділік бойынша да проблемалар жеткілікті екенін, импортқа тәуелділік бар екенін атап өтті. Әсіресе, бұл ұсақ және орта шаруашылықтар үшін өзекті болып отыр.

«Фермерлер жақсы тұқымға қол жеткізу мүмкін еместігін айтып, шағымданады. Азық-түлік корпорациясы жинақталған қордан кемінде 200 мың тонна тұқымды мұқтаж фермерлерге тауарлық несие түрінде бөлуі керек. Біздегі климаттық жағдайларға төзімді, өзімізде шығарылатын тұқымдық қордың көлемін ұлғайту қажет. Сонымен қатар агротехнологиялық талаптардың сақталмауы да өнімнің көлемі мен сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Ең алдымен, бұл – минералды тыңайтқыштардың, пестицидтер мен өсімдіктерді қорғайтын басқа да құралдардың қажетті мөлшерін қолдануға қатысты мәселе. Бізде тыңайтқыштарды қолдану деңгейі ғылыми қажеттіліктің небәрі 21%-ын ғана құрады» деп атап өтті Үкімет басшысы.

Биыл Қазақстанда топыраққа 1,5

млн тоннаға жуық тыңайтқыш енгізу жоспарланған. Ауыл шаруашылығы министрінің субсидиялаудың жаңа тетігін әзірледі, оның аясында шаруаларға арзандатылған тыңайтқыштар алдын ала берілетін болады. Тыңайтқыштарды өнімдіктердің кепілдігімен бөліп-бөліп беру мәселесі зауыттармен пысықталуда. Олжас Бектенов Президент бұл көрсеткішті барынша ұлғайту туралы мәселе міндет қойғанын еске салды. Жоспар бойынша биыл тыңайтқыштарды қолдану деңгейін 46%-ға жеткізу қажет. Ол әрі қарай, яғни ғылыми талаптар толық орындалғанша тұрақты түрде өсіп отыруға тиіс.

Үкімет отырысында ауыл шаруашылығы техникасының тозуы туралы мәселе көтерілді: қазіргі таңда жалпы техника паркінің шамамен 75%-дан асады. Премьер-министр қазақстандық диқандардың жаңа техниканы сатып алуын жеңілдетіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту қажеттігін атап өтті. Аталған мәселені шешу үшін фермердің өзі төлеп келген алғашқы 15% жарнаның орнына тікелей лизингтік компанияға инвестициялық субсидия салынуға тиіс. Олжас Бектенов бұл шаруаларға өздерінің айналым қаражатын сақтап қалуға мүмкіндік беретінін айтты.

«Фермерлер өздеріне тиесілі субсидиялардың тым кешігіп төленетініне наразылық білдірді. Өткен жылғы субсидиялар бойынша қарыз 160 млрд теңгеден асып кетті. Бұл қаражатты егіс жұмыстарына жаратуға болатын еді. Жеңілдікті дизель отынын үлестіру барысы да ерекше бақылауда болуға тиіс. Алыпсатарлық және қолдан тапшылық жасауға жоқ бермеу керек» деп түйіндеді сөзін премьер-министр.

ӘРІШТЕСТІК ДАМУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Вашингтонға сапары кезінде АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкенмен кездесті. Жүздесу барысында Қазақстан мен АҚШ-тың саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы кеңейтілген стратегиялық серіктестігінің үдемелі дамуы талқыланды.



М.Нұртілеу Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының теңдестірілген сипатын атап өтіп, озық америкалық технологияларды тарту, екі ел арасындағы іскерлік байланыстарды нығайту және өзара тиімді сауда қатынастарына қол жеткізу арқылы Қазақстанның көлік-логистикалық, инфрақұрылымдық және сауда-инвестициялық әлеуетін прагматикалық іске асыруға ерекше назар аударды. Өткен жылы елдер арасындағы тауар айналымы 33%-ға артып, 4 млрд АҚШ долларын құрады. Сыртқы саяси ведомстволардың басшылары елдер арасындағы энергетикалық қауіпсіздік, маңызды минералдар, климат, бітімгершілік және т.б. салалардағы ынтымақтастыққа жоғары баға берді.

АҚШ Мемлекеттік хатшысы ҚР

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың түбегейлі өзгерістер бағдарламасының дәйекті және жүйелі сипатын құптап, Вашингтонның оларды практикалық іске асыруға жан-жақты жәрдем көрсетуді жалғастыруға дайындығын атап өтті. Э.Блинкен «Америка Құрама Штаттары Қазақстанның көптеген жаһандық мәселелердегі шынайы көшбасшылығын мойындайды» деп атап өтті.

Сонымен бірге, тараптар «С5+1» диалогын кеңейту және өткен жылдың қыркүйек айында Нью-Йорк қаласында өткен осы форматтағы алғашқы саммиттің уағдаластықтарына іске асыру мәселелерін талқылады. Кездесу соңында тараптар екіжақты күн тәртібіндегі барлық өзекті мәселелер бойынша диалогты жалғастыруға келісті.

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНҒАН АСТАНАЛЫҚТАР

Еліміздегі өзекті мәселелердің бірегейі ол тұрғын үй мәселесі екенін жақсы білесіздер. Және де ол бір жақты ғана емес, жан-жақты. Иә, проблема барлық аймақта бар. Бірақ Астананың жайы ерекше. Үлескерлердің өз баспанасынан айырылып қалуынан бастап, елордада апта сайын бой көтеретін тұрғын үй кешендерінің сын көтермес сапасына дейін. Жүгенсіз заңсыздықтар мен мыңдаған халықтың естілмей, естілсе де ескерілмей жатқан мұңы бар бұл жағдайды бір жақты қылмаса, іс насырға шабуы әбден мүмкін.

Мысалы, «Азия плюс» тұрғын үй кешенінде тұрғындар, яғни қариялар, кішкене балалар мен жүкті аналар, сондай-ақ мүгедектері бар тұрғындар өз үйлеріне кіретін есігінің не кіреберісінің болмауына байланысты, күнделікті паркинг арқылы кіруге мәжбүр. Соның салдарынан бір баланы көлік қағып, күні кеше ғана 16 наурызда екі жеткіншек арсыз педофильдің қолына түсе жаздаған фактілері анықталған. Онымен бұл мәселе біткен жоқ, бұл үйді тұрғындарға сатар кезде «Бизнес» санатындағы үй деп сатып, бірер жыл өткен соң пайдалануға қабылдау кезінде «Эконом» санатына ауыстыра салулары да мүмкін екен.

Сонымен қатар, «Успешный дом» тұрғын үй кешенінің тұрғындары да алаяқтық іс-әрекеттерге ұшырап отыр. Бұл көп өзекті мәселелердің біразы ғана, айта берсек, айлап тауыспайтындай – зар бұл. Мәселенің мән-жайын анықтамақ оймен бір емес, бірнеше әрекет жасап көрдік. Халықтың жайын ойлап жатқан құзыретті орган көрмедік.

Ағымдағы жылдың 20 наурызында Парламент қабырғасында өткізген дөңгелек үстел де осы сөзімді растады. Тұрғындар алаяқтық

фактісі бойынша арыз жазса да іс қозғалмаған. Халықтың пайдасына шешілген сот шешімі орындалмаған. Осындайда біздің заңдар қарапайым халықтың мүддесін қорғауға келгенде неге қауқарсыз бола қалады? Ал жауапты органдар кінәні бір-бірінен іздеп, әдеттерінше ақсерек, көксерек ойнап отыр.

Осыған ұқсас сұрақтар бойынша депутаттық сауал жолдаған әріптестерім депутаттар Д.Тұрлыханов пен Д.Мұқаевқа берген жауабында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Р.Скляр мырза «Үкіметтің бақылауында» деген жауаптан аса алмады. Қашақтап қағаз шығындай бергенше іске көшіңіздер мырзалар! Жоғарыда айтылған жайттарды алға тарта отырып, құзыретті ресми мекемелердің басшылары – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Е.С.Саденов пен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасы А.Ж.Жұмағалиден кешенді тексеру жүргізу үшін шұғыл шара қолдануды сұраймын.

Ринат ЗАИТОВ,
Мәжіліс депутаты

КЕРІ САНАҚ ТАҚТАСЫ ҚОСЫЛДЫ



Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов елордада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының басталуына қанша күн қалғанын көрсетіп тұратын кері санақ тақтасын салтанатты түрде іске қосу рәсіміне қатысты. 21 наурыздан санап бастасақ, Қазақстанда өтетін көшпенділер ойындарына 171 күн қалды.

Жиынға Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, Туризм және спорт

министрі Еркем Маржықбаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Ұлттық спорт қауымдастығының

президенті Исламбек Салжанов қатысты. Салтанатты рәсімді ашқан Мәжіліс спикері жиналған қауымды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, Дүниежүзілік көшпенділер ойыны түркітілдес халықтардың ғана емес, әлемнің назарын аударған байрақты бәсеке екенін атап өтті. Сондай-ақ Ерлан Қошанов қазіргі уақытта елімізде әлемдік жарысқа дайындық қарқынды жүргізіліп жатқанын айтты.

«Осы дүбірлі жарысты Қазақстанда абыроймен өткізу – баршамыз үшін үлкен мәртебе, зор жауапкершілік. Мемлекет басшысы бұл доданы жоғары деңгейде ұйымдастыруды тапсырды. Біз Көшпенділер ойынын сән-салтанатымен лайықты деңгейде өткіземіз деп зор сеніммен айта аламын. Бұл сайыс бауырлас түркі халықтары арасындағы өзара ынтымақтастық пен мәдени қарым-қатынасты арттыруға тың серпін береді. Елдеріміздің арасындағы рухани байланысты одан әрі нығайта түседі деп сенемін» деді Мәжіліс спикері.

Қазақстанда өтетін Көшпенділер ойынына әлемнің 100 елінен өкілдер қатысады деп күтіліп отыр. Қазірдің өзінде 60 елдің келісімі бар. Спорттың 20 түрінен 4 мыңға жуық қатысушы сыңға түседі. Ұлы Дала төсін дүбірге бөлейтін мереке бір аптаға созылады.

№36-37 (4625) 28/03/2024 Бейсенбі



50 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Биыл Астанада ұзындығы 60 шақырымды құрайтын 50-ден астам көше жөнделеді. Сондай-ақ 20-дан аса ірі нысанның құрылысы жүргізіледі. Бұл туралы қала басшысы Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Қыс мезгілінен кейін нашар жөнделген жолдардың кемшін тұстары көріне бастады. Жауапты басқарма жол жұмысшылармен бірге жөнделетін көшелердің ұзаққа шыдауын қамтамасыз етуі керек. Жұмыс мінсіз, лайықты күйде және сын көтеретін деңгейде орындалуы керек. Елорданы аралау барысында қаланың барлық аудандарына барып, биылға арналған жоспарларды белгіледік. Биыл жол жөндеу жұмысы ертерек басталады. Ұзындығы 60 шақырым

болатын 50-ден астам көшені жөндеуді жоспарлап отырмыз. Сол сияқты 20-дан астам ірі нысан бар. Олардың бір бөлігін биыл аяқтаймыз, тағы бір бөлігін (көшелер, жол айрықтары, көпірлер және т.б.) құрылысын биыл бастаймыз. Сондай-ақ тротуарларды, әлеуметтік нысандарға кіреберіс жолдарды, аялдама қалтарыстарын, пандустарды және тағы басқаларын жабдықтауды жоспарлап отырмыз» деп жазды Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

Әкім ең алдымен көлік көп жүретін, жаңа әлеуметтік нысандар (кірме жолдар) бар орындарда, сонымен қатар елді мекендерде жолдар жөнделіп, салынатынын айтты. «Құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатқан аудандарға тоқталар болсам, онда инженерлік инфрақұрылым мен тұрғын үйлердің құрылысы аяқталғаннан кейін ғана жолдар салынады; оған дейін жауапты басқарма уақытша төсеммен қамтамасыз етуі керек. Сондай-ақ қазір коммуналдық қызметтер су тасқынына қарсы белсенді жұмыс жүргізіп жатыр: қар шығару, коллекторларды, науа-арық желісін, бақылау және жаңбыр қабылдау құдықтарын тазалау және тағы басқа жұмыстар атқарылуда» деді Ж.Қасымбек.

«АРТСПОРТ» ПЛАТФОРМАСЫ БАҚЫЛАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Астана қаласы мәслихатының отырысында мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс мәселелері талқыланып, осы бағыттағы түйткілдер айтылды, жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасының тиімділігі сөз болды.

Жақында қалалық мәслихат депутаттары «Артспорт» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп жатқан бірнеше нысанды аралап, бірқатар жүйелік проблеманы анықтады. Елорда мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, «Артспорт» платформасын жетілдіру керек. Қазір аталмыш платформаға жалған мәліметтерді, соның ішінде баланың қате ЖСН және кейбір деректерді бірнеше рет енгізуге болады.


«Платформа педагогтардың біліктілігі туралы қате деректерді қабылдайды, ғимараттар мен үй-жайларға құқық

белгілейтін құжаттардың толық емес пакетін орналастырады. Көптеген секциялар мен үйірмелер қоймаларға арналған ғимараттарда, паркингтердің тұрақ аймағының базасында, жергілікті деңгейде орналасқан. Білім беру мекемелерімен келісімшарт жасасу кезінде көптеген бұзушылықтар анықталды» деді Ерлан Каналимов.

Қалалық мәслихат төрағасы өз сөзінде күні бүгінгі дейін залдар мен ғимараттарға, тиісті алаңдарға, жаттықтырушыларға параметрлер бойынша бірыңғай талаптар әзірленбегенін атап өтті.

«450-500 тәлімгер өз секцияларында тіркелген 45 мың баланы қамти алмайды, сабақтар шағын үй-жайларда өткізіледі. Бұл – «Артспорт» платформасының деректері. Осы уақытқа дейін келу журналдары цифрландырылмаған. Мысалы, 100 бала көрсетілгенмен, залда тек 5-6 адам ғана жаттығады. Тапсырыс орындаушылармен жұмыс жүргізілмейді, бюджеттік ақшаны өтеу істері бойынша сотқа бірде-бір іс түскен жоқ» деді Ерлан Каналимов.

Қалалық мәслихат төрағасы «Артспорт» бағдарламасының елордада жүзеге асуына жауапты мемлекеттік органдарға Туризм және спорт, сондай-ақ Мәдениет және ақпарат министрліктеріне бағдарламаны жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар дайындауды тапсырды.



ДӘРІГЕР ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОЙЫЛА МА?

Астана қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова медицина қызметкерлері үшін халықпен жұмыс істеу қиындай түскенін айтты. Кейбір азаматтардың жиі агрессивті мінез-құлқы, медицина қызметкерлеріне қатысты қоқан-лоқылар мен қорлау біздің мамандарды жұмыс орындарын өзгертуге мәжбүр етуде.

– Құрмет көрсетілмейтін жерде кім жұмыс істегісі келеді? Біз қызметкерлерімізге барлық жағынан қолдау көрсетеміз, оларға жұмыс істеу үшін тиісті жағдай жасауға тырысамыз және

жасаймыз, мемлекеттің арқасында медицина қызметкерлерінің жалақысы қайта қаралып, артып келеді. Өткен жылы дәрігерлердің жалақысы 30%-ға, орта медициналық қызметкерлердің жалақысы

20%-ға өсті. Алайда бұл мотивация да жеткіліксіз. Халық та денсаулық сақтау саласының мамандарының еңбегін бағалап, олармен дөрекі болмауы қажет. Бұл жерде ортақ жауапкершілік болуы тиіс, – деді Әлия Рүстемова.

Дегенмен басқарма басшысы елордада ведомстволық бағынысты мекемелерде дәрігерлік кадрлардың тапшылығы жоқ екенін жеткізді. Ведомство басшысы жағдай бұрынғыдай күрделі емес деп мәлімдеді. Қазір ведомстволық бағынысты медициналық ұйымдарда 12 мыңға жуық медицина қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде 3,5 мың дәрігер бар.

– Қазіргі уақытта 83 дәрігер маманы тапшы. Бұл, негізінен, учаскелік дәрігерлер. Кадрлардың ауысуы әртүрлі себептермен жүреді. Мысалы, жас маман-әйелдер отбасын құрып, декреттік демалысқа кетеді, тағы бірі басқа мамандықтарға қайта даярланып, бағытын өзгертеді, кейбір дәрігерлер әртүрлі жағдайларда басқа қалаларға, елдерге көшеді, осылайша дәрігер кадрларының жетіспеушілігі қалыптасады. Әрине, басты себептердің бірі – физикалық және психоэмоционалды жоғары жұмыс, – деді спикер.

Оның айтуынша, Денсаулық сақтау басқармасы мамандарды жыл сайын жақын және алыс шетелдердің жетекші клиникаларында оқытады. Оған жергілікті бюджеттен жылына шамамен 200 млн теңге бөлінеді.

Астанадағы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейде «Әлем таныған Қаныш» республикалық конференциясы өтті. Ғалымның 125 жылдығына арналған алғашқы іс-шара мектеп оқушылары мен ұстаздары қатысқан «Қазақтың Қанышы» атты сахналық қойылыммен ашылды.

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҚАНЫШ



Райхан
РАХМЕТОВА

Конференцияға Алматы қаласынан, Ұлытау, Павлодар облыстарынан арнайы келген қонақтар, Астана қаласының білім беру саласының қызметкерлері және Қаныштану мәселелерімен айналысып жүрген зиялы қауым өкілдері қатысты. Конференцияға қатысушылар алдымен мектептегі академик музейін аралап көрді. Білім ошағының концерт залында қойылған «Қазақтың Қанышы» атты сахналық қойылымы өте жоғары деңгейде дайындалып, көпшілікке ғалымның бүкіл өмірін ұлттық музыкамыз және белгілі ақын Несіпбек Айтұлының «Қаныш» поэмасының желісімен жеткізілді. Қойылым соңында оқушылар алғаш рет «Бұл – Қаныш Сәтбаев мектебі» атты мектеп гимнін орындады.

Конференцияның пленарлық отырысының алғашқы құттықтау сөзі Парламенті Сенатының депутаты Алтынбек Нухұлына берілді.

– Заңғар тұлғаның мерейтойы қарсаңында бүгін алғашқы іс-шара өтуде. Биыл ғалымның өмір жолы мен өнегелі мұрасын ұрпаққа насихаттайтын жиындар көптеп өткізілуі керек деп есептеймін. Қаныш Сәтбаев – қазақ елінің, білімі мен ғылымының дамуы жолында үлкен өзгерістер әкелген біртуар тұлға. Ол тек байлықтың, қазынаның көзін ашқан жоқ, сонымен қатар қазақ руханиятына да ұшан-теңіз еңбек сіңірді. Сондықтан ғалымның мұрасын насихаттаудан жалықпауымыз қажет, – деді Сенат депутаты.

Ол сондай-ақ өз сөзінде конференцияның модераторы болған Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-ли-

цейінің директоры Ернұр Омархановтың осы бағыттағы еңбегін ерекше бағалап өтті. Жиынға қатысқан Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Руслан Қаратабанов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Аспандияр Әденұлы, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары Нұрлан Жұмағелді, алаштанушы Заңғар Кәрімхан «Алаштың ұлттық мұраты және жастар», «Құндылыққа негізделген білім мен тәрбие», «Дарындылықты анықтау мен қолдау жолындағы Сәтбаев тұлғасының алар орны», «Баянның баласынан, Алаштың данасына дейін», «Алаш идеясы және Қаныш Сәтбаев» деген тақырыптарда баяндамалар оқыды.

– Қаныш Сәтбаевтың атақ-даңқы кезінде әлемді жаңғыртты. Қазақтың біртуар перзентін дүние жүзі мойындады. Оны ұлықтау тек мерейтоймен байланысты болмауы керек. Ол – қай кезде де назардан тыс қалмайтын тұлға. Сәтбаев және ол бастаған жұлдызды ғалымдар шоғыры 20-ғасырдың басында Алаш арыстарынан кейін ұлт мәдениетінің көшбасшысы болған. Ғалым мұрасы арқылы біз жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлт-жандылыққа, білімге құштарлыққа тәрбиелей аламыз, – деді Аспандияр Әденұлы.

Одан әрі конференция жұмысы үш секциялық отырыс арқылы жалғасты. Атап айтқанда, 1-бағыт Қазақстанның дамуындағы ұлы ғалымның рөлі туралы болса, 2-бағыт «Қаныш Сәтбаев мұрасы: тарих, әдебиет, білім, өнер» деген тақырыпқа арналды. Ал 3-бағыт «Қаныш және Алаш арыстары» деп аталды.

ҚАРҒЫН СУДАН ҚОРҒАЙДЫ

«Көк ішек» көкек айы жақындап, көктем лебі білінді. Қыстай жауған қалың қардың көбесі сөгілді. Қаланы су басуының алдын алу, тосын жағдайды болдырмау үшін елорданың коммуналдық қызметтері тәулік бойы ауысымдық режимде жұмыс істеп жатыр.

27 наурыз күні таңертең қала бойынша қар тазалау жұмысына 2,4 мыңнан астам жол жұмысшысы мен мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылып, 502 рейспен 6,1 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Қазір қалада қар мен мұзды күреу тәулік бойы ауысымдық режимде

жүргізіліп жатыр. Бірінші кезекте орталық көшелер, жолаушылар көлігі маршруттары, аялдамалар мен тротуарлар тазаланады.

Қыс мезгілінің басынан бастап қазірге дейін қар полигондарына 500 мыңға жуық рейс арқылы 6,7 миллион текше метрден астам қар шығарылды.



ТАСҚЫННАН САҚТАНУДЫҢ ЖОЛЫ

Өткен жылдың қыркүйегінде қаланың су тасқыны қауіпі бар учаскелері комиссия тексеруінен өтіп, 20 учаске бойынша аудан әкімдеріне қажетті шаралар қабылдау туралы ұсыным берілген болатын. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында жергілікті Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Бақытжан Мәуленбердиев мәлімдеді.

Жалпы биыл Астанада су тасқыны кезеңіне дайындық алдын ала басталды. Барлық су тасқыны қауіпі бар аумақ қатаң бақылауға алынды.

– Биыл қаңтар айында су тасқынына қарсы іс-шаралар айлығы басталды. Тұрғын үй секторының тұрғындары қажетті ақпаратпен қамтылып, қауіпті учаскелерде 120 рейд жүргізілді. Бүгінге дейін коммуналдық қызметтер қаладан 6,5 млн текше метрден астам қар шығарып, 55 мыңнан астам метр арық-науа желісі, 9 мыңнан астам метр коллектор, 2 мың жаңбыр суы құйылатын құдық тазартылды, – деді Бақытжан Мәуленбердиев.

Айтуынша, «Астана Тазалық» базасында көлемі 2,5 мың текше метр құм және ағаш инертті материалдар қоры дайындалған. Тағы 11 мың текше метр инертті материалдарды жеткізуге келісімшарт бар.

– Төтенше жағдай кезінде азық-түлік пен жанар-жағармай материалдарын жеткізуге 12 меморандум жасалған. Жалпы саны 2260 орындық халықты орналастыру мақсатында 7 қонақүймен меморандумға қол қойылған. Ақпан айының 1-інен бастап Астана қаласы әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев сапарлар шеңберінде су тасқыны қауіпі бар учаскелердің комиссиялық тексеру



бойынша жұмысты жалғастырды. Су тасқыны құбылыстарына жедел әрекет ету мақсатында жеке құрамнан 599 адам, 156 техника, 65 мотопомпа жұмылдырылып, азаматтық қорғау қызметтерінің жалпы тобы құрылды, – деді басқарма бастығы.

Бақытжан Мәуленбердиевтің сөзінше, былтыр қыркүйекте қаланың су тасқыны қауіпі бар жерлері арнайы комиссиямен тексерілді. Анықталған 20 орын бойынша аудан әкімдеріне қажетті шараларды қабылдау туралы ұсынымдар беріліп, каналдарды тазалау және төсеу, арық-науа жүйесін орнату жұмыстары жүргізілді. Бүгінде елордада су тасқыны қауіпі бар орындарды комиссиямен тексеру жұмыстары жалғасып жатыр. Тексеру жұмыстары шеңберінде қала әкімінің орынбасары жауапты мемлекеттік органдарға хаттамалық тапсырмалар берді. Шолулар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде.

Төтенше жағдай департаментінің басқарма бастығы баспасөз мәслихаты барысында қала тұрғындарын үй маңындағы аумақтан көшенің жол бойындағы бөлігіне қарды уақытты тазалауға, үйден ағынды суларға немесе су өткізгіш құбырларға су бұрғыштар орнатуға шақырды. Тұрмыстағы электр сорғылары, шелектер, күректер және т. б. әр үйдің маңында дайын тұруы керек.

Су басқан жағдайда iKotek қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығының «109» нөміріне немесе құтқару қызметінің «112» нөміріне дереу хабарлау қажет.



ҚОЗҒАЛЫС УАҚЫТША ӨЗГЕРЕДІ

Елордада LRT салу жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес, Сығанақ көшесіндегі қозғалыс уақытша өзгереді. Көшенің оң жақ бөлігі 30 қарашаға дейін жабылады.

«City Transportation Systems» компаниясы баспасөз қызметінің хабарлауынша, 21 наурыздан бастап Сығанақ көшесі бойынша Полиция департаментінің келісімі бойынша жол қозғалысын ұйымдастыру уақытша өзгереді. Сығанақ көшесіндегі қозғалысты ұйымдастыру магистралдардың жүріс бөлігіне іргелес учаскелерде LRT салу жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес уақытша өзгереді.

21 наурыздан 6 сәуірге дейін Қазақ радиосы көшесінен Сауран көшесіне дейінгі учаскедегі қозғалыс құрама темірбетон арқалықтарды монтаждау бойынша жұмыстарды орындау үшін өзгертіледі, шектеу Мәңгілік ел даңғылының бағыты бойынша оңтүстік жағынан қойылады. Бұл ретте «Номад» ТК тұрғындары үшін Қазақ радиосы көшесі жағынан өту жолы ашылады.

29 наурыздан 15 сәуірге дейін Сауран көшесінен Ақмешіт көшесіне дейінгі учаскеде құрама арқалықтарды орнату бойынша жұмыстарды орындау үшін Мәңгілік ел даңғылының бағыты бойынша оңтүстік жағынан шектеу қойылады.

21 наурыздан 25 мамырға дейін Ақмешіт көшесінен Түркістан көшесіне дейінгі учаскеде «Әбу Даби Плаза»



ғимаратымен интеграцияланған 112 станция салу үшін Мәңгілік ел даңғылының бағыты бойынша оңтүстік жағынан шектеу қойылады.

21 наурыздан 1 мамырға дейін Түркістан көшесінен «Бейжің сарайы» қонақүйіне дейінгі учаскеде монолитті арқалық құю жұмыстарын орындау үшін Мәңгілік ел даңғылының бағыты бойынша оңтүстік жағынан шектеу болады, бұл ретте Түркістан көшесінен Сығанақ көшесіне құқықтық айналым съезі ашық күйінде қалады.

21 мамырдан 30 қыркүйекке дейін «Бейжің сарайы» қонақүйінен Мәңгілік ел даңғылына дейінгі учаскеде екі бағытта да жолақтарды

қысқарту арқылы қадалар, грильдер мен тіректерді орнату бойынша жұмыстар орындалады.

21 наурыздан 31 желтоқсанға дейін Сығанақ/Мәңгілік ел көлік айырығында Мәңгілік ел даңғылы жағынан қозғалыс шектеледі, Сығанақ көшесіне 113 станция салу үшін көтерілу шектеледі. Бұл ретте Сауран, Ақмешіт және Түркістан көшелерінде өтпелі қозғалыстар ашылды. Осыған орай, «City Transportation Systems» елорда қонақтары мен тұрғындарынан қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауды және жүргізіліп жатқан жұмыстарға түсіністікпен қарауды сұрайды.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС тұрғын үйде тіркеуде тұрған азаматтардың санына қарай сараланған тариф бойынша тұтынылған электр энергиясы ақысы қалай есептелетінін түсіндірді.

ЖАРЫҚ АҚЫСЫ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?



Электр энергиясын тұтыну нормасы 1 адамға айына: электр плитасы орнатылған үйлерде 90 кВт/сағ болып бекітілген. Электр плитасы жоқ үйлерде 1 адамға электр энергиясын тұтынудың айлық нормасы – 70 кВт/сағ.

Биллинг жүйесінде 1 адам тіркелгендегі сараланған тариф бойынша электр энергиясы құнын есептеу жолы төмендегідей:

2024 жылдың қаңтар айына есептелген ақпандағы шот-хабарламада тұтынылған электр энергиясының есеп айырысуы есепке алу құралының бастапқы – 40530 (2023 жылғы 15 желтоқсандағы жағдай бойынша есеп айырысу көрсеткіштері) көрсеткіштерінен бастап соңғы – 40975 (2024 жылғы 22 қаңтардағы жағдай бойынша бақылаушы алған) көрсеткішке дейінгі 38 күн күнтізбелік кезеңге жүргізілді. Осы есеп айырысу кезеңіндегі тұтыну мынаны құрады: 40975 – 40530 = 445 кВт/сағ.

Биллинг жүйесінде 1 адам тіркелген электр плитасын пайдаланатын тұтынушыға (30 күнге 90 кВт/сағ) ең

төменгі тариф бойынша есеп айырысу 90 кВт/сағ/30 күн (тұтыну нормасы) * 38 күн (есеп айырысу кезеңі) * 1 адам (тұратындардың саны) = 114 кВт/сағ болады.

Бұл тұтынушыға жалпы тұтынылған көлемнен 114 кВт/сағ құны ең төменгі тариф бойынша есептелгенін білдіреді: 114 кВт/сағ * 13,09 (ҚҚС-сыз тариф) * 1,12 (ҚҚС) = 1671,33 теңге.

Нормадан артық тұтынылған жалпы көлемнен келесі 114 кВт/сағ орташа тариф бойынша есептеледі: 114 кВт/сағ * 21,93 (ҚҚС-сыз тариф) * 1,12 (ҚҚС) = 2800,02 теңге.

Есептеудің қалған көлемі (445 кВт/сағ – 114 кВт/сағ – 114 кВт/сағ) бойынша жүргізіледі: 217 кВт/сағ * 27,36 (ҚҚС-сыз тариф) * 1,12 (ҚҚС) = 6649,57 теңге.

Сонымен, 2024 жылдың қаңтар айына биллинг жүйесінде 1 адам белгіленгенде сараланған тариф бойынша электр энергиясына есептеудің қорытынды сомасы мынаны құрады: 1671,33 теңге + 2800,02 теңге + 6649,57 = 11120,92 теңге.

4 ТОННА НАСЫБАЙ ТӘРКІЛЕНДІ

Астананың барлық ауданында вейп пен насыбайдың заңсыз таралуы мен қолданылуын анықтау бойынша рейдтер жүргізіліп жатыр. Полицейлер сауда орындарын тексеріп, таратушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартуда.

Рейд барысында 4 тонна немесе 140 мыңға жуық пакет насыбай өртеңді, оның құны 20 млн теңгеден асады. Тәркіленген барлық өнім жойылды.

Акцияны Астана қаласының әкімдігі мен елордалық полиция департаменті жеке серіктес – «Green economy» Еуропа-Азия қауымдастығының ЗТБ «Kazecotech» ЖШС көмегімен ұйымдастырды. Акцияға медиатұлғалар, Аманат партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері, елорданың еріктілері мен блогерлері белсенді қатысты.

Насыбайды жою жөніндегі акция өндірістік база аумағында өтті. Заттың барлық көлемі медициналық қалдықтарды кәдеге жаратуға арналған мамандандырылған қондырғыда жойылды. Ол Қазақстандағы жалғыз «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орта-

лығы» KEAҚ «жасыл» технологиялар мен жабдықтар тізіліміне енген. Тиісінше, шегілмейтін темекі өнімдерін (насыбай) термиялық жоюдан экологияға зиян жоқ. Процесті арнайы комиссия бақылап отырды.

Рейдтік іс-шаралар апталығында елорданың бес ауданында 500-ден астам сауда орны тексерілді. Полиция департаментінің қызметкерлері аудан әкімдіктерімен бірлесіп, шегілмейтін темекі өнімдерінің белсенділері, елорданың еріктілері мен блогерлері белсенді қатысты.

Тексерулер нәтижесінде бұзушылар 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл сала отырып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 196-бабына сәйкес әкімшілік жауапқа тартылды. Барлық өнім жергілікті орындардан тәркіленді.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

№36-37 (4625) 28/03/2024 Бейсенбі

Мәслихат – құрылтайға ұқсас хандық кезеңдегі қазақтардың жиналысы. Жылына бір рет көшпелі маршруттарды қайта бөлу, соғыс жариялау, бейбітшілік орнату, хандарды сайлау және заңдар қабылдау үшін жиналды. Ер адамдар қару-жарақпен келуі керек еді. Кеңестік кезеңде Қазақстанның жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз орнын айқындады. Мәслихаттардың «атасы» Еңбек депутаттарының кеңестері (1936 жылғы КСРО Конституциясы бойынша), кейіннен Халық депутаттарының кеңестері (1977 жылғы Конституция бойынша) деп аталды.

Қазіргі мәслихат – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың еркін билдіретін және оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын, орындалуын бақылайтын өкілді орган. Қалалық мәслихаттың төрағасы мен бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері, әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялардың төрағаларын қоспағанда, қалалық мәслихат депутаттары өз функцияларын босатылмаған негізде орындайды. Бұл жаңалық шамамен 2 жыл бұрын қабылданған және біз оны алғашқылардың бірі болып қабылдадық.

Мәслихат өз құзыреті шеңберінде Астананы дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары мен қала бюджетін бекітіп, оның орындалуын бақылайды, жер қатынастарын, өкімшілік-аумақтық орналастыру мәселелерін реттеуді жүзеге асырады, азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдеседі.

Сессиялардың күн тәртібіне енгізілетін мәселелерді алдын ала қарау, мәслихат шешімдерін іске асыруға жәрдемдесу және бақылау функцияларын жүзеге асыру мәслихатта 4 тұрақты комиссия құрылды. Бұл – бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі; заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі; әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі; құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялар. Жалпы елордалық мәслихат жұмысының 30 жылында депутаттық мандатқа 156 адам ие болды.

“

1994 жылғы 7 наурызда Ақмола қаласының I шақырылымдағы мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. 26 сайлау округінде 83 кандидат сайлауға түсті. Мәслихат құрамына 6 әйел мен 20 ер адам сайланды. Сайланған 24 депутаттың жоғары білімі болды. I шақырылым депутаттарының арасында 4 педагог, 5 дәрігер, 6 кәсіпкер болды. Тұрақты комиссиялардың төрағалары Мещеряков Николай Ильич, Каминский Владимир Владимирович, Сүлейменова Балжия Абдулбақықызы және Островский Анатолий Петрович еді

Қоғамдық маңызы бар мәселелерді талқылау үшін депутаттардың, атқарушы органдардың, ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және азаматтардың қатысуымен көпшілік тыңдаулар өткізіледі. Бұдан басқа, комиссиялар мәслихат шешімдерінің, қабылданған бағдарламалардың және мемлекеттік билік пен басқару органдарының басқа да актілерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Тұрақты комиссиялар оларды сайлаған мәслихат алдында жауапты және жылына кемінде 1 рет өз қызметі туралы есеп береді.

МЕРЕЙЛІ ЖЫЛДЫҢ БЕЛЕСТЕРІ

Биыл – барлық деңгейдегі мәслихаттар үшін мерейлі жыл. 30 жыл бұрын, 1994 жылы республиканың жаңа өкілді органы – мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Еліміздің байтағы – Астана қаласының мәслихаты мерейлі күнге қандай жетістіктермен жеткені және алдағы міндеттер туралы елорда мәслихаты VII және VIII шақырылымының төрағасы Ерлан Еркемұлы Каналимовтың мақаласын беріп отырмыз.



Біздің басты міндетіміз – еліміздің бас қаласында жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруге жағдай жасау. Елордалық мәслихаттың жұмысы осыған негізделген. Ол үшін қалалық әкімдіктің барлық мемлекеттік органдарымен және құрылымдық бөлімшелерімен белсенді ынтымақтастық орнатылды.

Қазір елордалық мәслихат депутаттары үшін сайлаушылармен өзара қарым-қатынас барысында ашықтықтың жоғары деңгейін сақтау өте маңызды. Депутаттардың әрқайсысы мәслихат сайтында халықпен кері байланыс орнату үшін өзінің WhatsApp нөмірлерін жариялады, кездесулер мен қабылдаулар кестесі әзірленіп, бекітілді. Мысалы, бір мандатты сайлау округтері бойынша 17 депутат үш қабылдау өткізеді, өз округтерінде, сайланған партияның қоғамдық қабылдау бөлмесінде және мәслихаттың қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдайды. Өткен жылы біз арнайы қабылдау бөлмесін аштық. Осылайша депутаттардың әрқайсысы кестеге сәйкес айына бір рет азаматтарды қабылдайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, оларды шешу мақсатында неғұрлым өзекті жалпымемлекеттік міндеттерді талқылауға тарту қажет» деп нақты атап өтті. Бұл қағида азаматтық қоғам құрудың жетекші қағидасы ретінде қарастырылуы керек. Бүгінгі таңда халық қалаулыларының сайлаушылары алдында есеп беруін реттеу халықпен тығыз байланыс орнатуға және олардың жұмысының ашықтығын арттыруға үлкен мүмкіндіктер ашты.

Кадр мәселесін шешу үшін қоғамдық негізде «Жастар мәслихаты» жобасы іске қосылды. Оған ең белсенді қаланың жас тұрғындары таңдалды. Қазіргі таңда белсенді жастар VIII шақырылым мәслихат депутаттарының қоғамдық көмекшілері болып жұмыс істейді. Олардың көпшілігі қазірдің өзінде жұмысқа орналасып, жалақы алады.

Бюджетті қалыптастыру және бөлу мәселесі – өзекті мәселенің бірі. Осыған байланысты біз мемлекеттік органдардан бюджеттік өтінімдерді қарау практикасын қабылдадық және табысты іске асырып жатырмыз. Оның құрамына бюджеттік комиссияның келісімі мен бекітілуіне дейін тікелей мәслихат төрағасы мен бюджеттік комиссиясының төрағасы кіреді. Мәслихат сессиясында бюджет бекітілгенге

дейін 2-3 ай ішінде бюджеттік өтінімдерді қарауды бастаймыз және шығыстардың басым бағыттарын дербес айқындап, бірқатар әлеуметтік нысанның құрылысын аяқтауды қаржыландыру бойынша тиімді ұсыныстарды әзірлейміз.

Елордамыздың салалық мәселелерін шешу үшін әкімдікпен бірлесіп алдағы 3 жылға арналған түрлі салада бірқатар кешенді даму жоспары әзірленіп, іске асты. Мысалы, денсаулық сақтау жүйесін дамытудың кешенді жоспары. Соның шеңберінде біз медициналық нысандарды салу сәтінен бастап жөндеу жұргізілмеген нысандарға күрделі жөндеуге қаражат бөлдік. Қажетті заманауи жабдықтар сатып алынды, ақ халатты абзал ауруханалардың жаңартылған нұсқалары қала тұрғындарына есігін айқара ашты.

VIII шақырылым жұмысының басынан бастап, елордада қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске аса бастады. Онда қажетті автокөлік, есірткі заттарын жедел анықтау үшін жабдықтар сатып алу; учаскелік және модульдік полиция пункттерін салу; бейнебақылау азаматтарын орнату; тәртіп сақшыларына арналған спорт кешенін жөндеу және т. б.

“

Ақмола мәслихатының I шақырылымында 26 депутат болды. Халық қалаулыларының бұл саны VII шақырылымға дейін сақталды. Бүгін Астана қаласының мәслихатында 34 депутат бар. Бұл ретте елорда тұрғындары санының өсуін ескере отырып, алдымен депутаттар саны 25-тен 31-ге, содан кейін 31-ден 34 адамға дейін өсті



АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАТШЫЛАРЫ:

Миронов Александр Сергеевич – I шақырылым мәслихатының хатшысы
Демидов Александр Иванович – II шақырылым мәслихатының хатшысы
Лукьянец Вера Григорьевна – II шақырылым мәслихатының хатшысы
Редкокашин Владимир Николаевич – III-IV шақырылым мәслихатының хатшысы
Оспанов Еркемұлы Сабырбекұлы – IV шақырылым мәслихатының хатшысы
Есілов Сансызбай Сейтжанұлы – V шақырылым мәслихатының хатшысы
Нұрпейісов Жанат Ғазизұлы – V шақырылым мәслихатының хатшысы
Шайдаров Мәжит Зейноллаұлы – VI шақырылым мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы
Каналимов Ерлан Еркемұлы – VII-VIII шақырылым мәслихатының төрағасы

“

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Астана қаласының мәслихаты ел дамуының жаңа бағыттарын айқындауға, экономиканы әртараптандыруға және оны дамудың жаңа жолына шығаруға белсенді қатысты. Ең бастысы, бұл процесс сайлаушылардың ел болашағына деген сенімін арттырды. Мәслихат сессияларында даму жоспарлары, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар, облыстық бюджет, сондай-ақ олардың орындалуын ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар бекітілді, сондай-ақ өз құзыреті шегінде басқа да өкілеттіктерді абыроймен орындады

лынған. Кешенде оқу мұнарасы, спорт алаңы, жанармай құю бекеті, су ыдысы, БӨП, арнайы техникаға арналған ангарлар қарастырылған.

2007 жылы тамызда өткен Парламент отырысы мен жергілікті мәслихат депутаттарын сайлау алғаш рет көппартиялы жүйе бойынша өтіп, халыққа қоғамдық өмірге белсенді қатысуға мүмкіндік берді. Бұл сайлау саяси партиялардың ролін күшейтті және жеңімпаз партия мүшелерінен тұратын мәслихаттардың жаңа түрін құруға септігін тигізді. Жыл сайын біз мәслихат жұмысындағы басымдықтарды, соның ішінде азаматтарды қабылдау барысында олардың өтінішін талдап, iKomek қызметі арқылы және т. б. ресурстар арқылы негізгі мәселелерді анықтаймыз.

Бір мандатты округтер бойынша сайланған депутаттар

ұсыныстар мен проблемалық мәселелерді шешу бойынша жол карталарын әзірлеп, округтердің тұрғындарына ерекше назар аударуда. Жол картасында айғақталған мәселелердің барлығы сайлау процесінде депутаттыққа кандидаттар жинады. Бүгінгі таңда мәселелердің 40 пайызға жуығы бір жыл ішінде шешілгенін атап өткім келеді. Биыл жол картасының барлық мәселесі, кейбір жүйелік мәселелерден басқа, толықтай шешіледі деуге негіз бар.

Елордалық мәслихаттың жоспарлы іс-шараларынан басқа, апта сайын жергілікті жерлердегі ахуалмен танысу үшін 3-4 көшпелі кеңес өткіземіз, мүдделі мемлекеттік органдардың ұжымдарымен әңгімелесеміз. Сапарлардан кейін басым бағыттар бойынша мәслихаттың жекелеген кеңейтілген отырысын өткіземіз. Осының арқасында біз осы бағыттардың проблемалық сұрақтарына жедел жауап бере алып, әртүрлі түзету жасай аламыз.

Қазіргі таңда көтерілген мәселелердің басым бөлігін шештік, ал басқалары депутаттардың ерекше бақылауында деп сеніммен айта алатынымыз атап өткім келеді. Біз барлық әлеуметтік нысанның құрылыс барысын үнемі бақылауда ұстаймыз, олардың жабдықталуын тексереміз, құрылыс орындарына барамыз. VIII сайланымының бірінші жылында біз 200-ден астам көшпелі жиналыс өткіздік. Олардың көпшілігі әлеуметтік салаға қатысты болды. Депутаттар нақты уақыт режимінде Астананың Бас жоспарына қала тұрғындарының тілектерін енгізу үшін Бас жоспар базасындағы көшпелі отырыстарында шешті. Елорда тұрғындары санының алғашқы болжанын анықтай отырып, аспы кетуіне байланысты құжат айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Нәтижесінде Бас жоспар қабылданды және бекітілді.

Елордалық мәслихат депутаттарының бастамасы бойынша тұрғын үй сертификаттарының сомасы 1,5 миллион теңгеге дейін ұлғайды, оларды алушылар санаты кеңейді. Емдеу-сауықтыру мекемелерінің саны беске дейін ұлғайту туралы шешім бекітілді. 2024 жылдың басынан бастап мүгедектер күніне біржолғы төлемді арттыру жоспарлануда. Ол I топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін 69 мың теңгені, II топ үшін 34,5 мың теңгені және III топ үшін 17250 теңгені құрайды. Бұрабай ауданында орналасқан қарттарға, мүгедектерге және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту орталығының аумағында медициналық корпус салу мәселесі көтерілді. 2024 жылы тіс протездеу және санация қызметтерімен 3400 адамды қамту туралы шешім қабылданды және қолдау тапты. Оның орташа құны бір адамға 204 мың теңгені құрайды. Бұл – депутаттар жасаған жұмыстың аз ғана бөлігі.

Қызметтес болған азаматтар мен әріптестерімді мәслихат тарихындағы маңызды мерейтоймен құттықтаймын. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт және тәуелсіз еліміздің тұрғындарына қызмет етуде табыс тілеймін! Жыл бойы бүкіл ел бойынша мәслихаттардың 30 жылдығына орайластырылған мәдени және спорттық іс-шаралар өтеді. Астана қаласы мәслихатының депутаттары қайырымдылық акциялардың бастамашысы болады. Сонымен қатар ғылыми-практикалық конференциялар жоспарланған. Осы мерейтойды қала тұрғындарымен бірлесіп, лайықты деңгейде қарсы алатынымызға сенімдімін. Мерейлі жыл бірінші кезекте халық үшін пайдалы істермен аталып өтеді.

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

МЕДИЦИНА МАЙТАЛМАНЫНА ҚҰРМЕТ

Биыл – Қазақстан мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, елорда мәслихаты қала әкімдігімен бірге мерейтойлық іс-шаралар жоспарын бекітті. Тиісті іс-шаралар жыл соңына дейін жалғасады. Соның ішінде мәслихат депутаттары аллеясы ашылып, ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді. Оған елорданың бауырлас қалаларының өкілдері қатысады. Қазіргі таңда мұндай шаралар саны 52-ге жетті. Бүгінде Астана қаласы мәслихатының VIII шақырылым депутаты жұмыс істеп жатыр. Жалпы барлық VIII шақырылымды қосқанда елорда мәслихатына 156 адам депутат болды. Соның ішінде қалалық мәслихаттың 140 адаммен байланысы үзілмеді. Қазір мерейтойлық кітап дайындалып жатыр. Онда Астана мәслихатының тарихы хатталып, бүкіл депутат туралы мәлімет беріледі.



Астанада мәслихаттар мерейтойына арналған іс-шаралар қалалық мәслихаттың II және V шақырылымдарының депутаты болған медицина майталманы, ел мен елорданың өрлеуіне өлшеусіз үлес қосқан, әлі де қаланың дамуына атсалысып отырған атпал азамат Қаршыға Құлмұхановтың мерейлі 75 жасқа толуына орай ұйымдастырылған жиыннан басталды. Онда қала басшылығы, мерейтой иесінің бір кездердегі әріптестері мен шәкірттері құрмет көрсетіп, сый-сыяпат жасады, игі тілегін арнады. Жиында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов ашып, Қаршыға Көкешұлының өмір жолына, ерен еңбегіне шолу жасады. Қалалық мәслихат атынан мерейтой иесінің иығына қазақы дәстүрмен шапан жапты.

Қаршыға Құлмұханов Целиноград қаласының медицина институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын ортопед-травматолог болып бастады. Астана Ала-таудан Арқаға көшкен жылдары Қазақстан Үкіметі жанындағы қалалық медициналық сақтандыру қорын басқарды. Қалалық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының бірінші орынбасары, 7 жыл бойы Астана қалалық сайлау комиссиясының төрағасы болды. 10 жыл №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері болып қызмет істеді. Екі рет қалалық мәслихаттың депутаты болса, қазір қалалық Қоғамдық кеңестің мүшесі.

– Қаршыға Көкешұлы өзінің білімі мен тәжірибесін адамдардың игілігіне жұмсап, елорданың өрлеуіне үлкен үлес қосты. Оның білімі, өмірлік және кәсіби тәжірибесі Астананың дамуына жол салды. Қалалық мәслихаттың VIII шақырылым депутатының атынан терең білім, іскерлік қабілет және азаматтық қасиеттің арқасында жинаған тәжірибенің еңселі елордамыздың әл-ауқатын жақсартуға, жергілікті өкілді органдардың ролін арттыруға елеулі үлес қосқаны үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Халық сенімі – ең құнды нәрсе. Шын мәнінде, ел сенімін өлшеу мүмкін емес. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – еліміздің әр саналы азаматы үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Сіз ұзақ жылдан бері медицина саласының дамуына үлесіңізді қосып, бойыңыздағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиетіңізді арқасында адамгершілік пен ізгілік мұратына қалтқысыз қызмет етудесіз, – деді Ерлан Каналимов.

Саяси қайраткер, Астана қаласының құрметті азаматы, елорда мәслихатының V шақырылымның хатшысы, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Еслов мерейтой иесін 40 жылдан астам уақыттан бері білетінін атап өтті.

– Қаршыға Көкешұлының еңбек жолы дәрігерліктен басталды. Бұл кісі – адал азамат. Екеуміз Астана мәслихатының V шақы-

рылымының депутаты болдық. Сонда Қарекен медицина саласына қатысты, бас қаланың қоғамдық өміріне байланысты білетінін бүгіп қалмай, үнемі өз пікірін, ұстанымын білдіріп отыратын. Содан кейін қалалық Қоғамдық кеңестің II шақырылымында кездестік. Онда да Қаршыға Көкешұлы белсенділік танытып, қала тіршілігіне қатысты ұтымды ұсыныстарын айта-тын, – деген Сансызбай Еслов қалалық Ардагерлер кеңесінің атынан сый-сыяпат жасады.

Астана қаласының әкімі Жәңгір Қасымбектің құттықтауын оның орынбасары Есет Байкен оқып берді.

«Құрметті Қаршыға Көкешұлы! Сізді 75 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Жылдар бойы өзіңізге артылған міндетті жауапкершіліктен атқарып, елордамыздың дамуына үлкен үлес қостыңыз. Қай істе де қарымды қабілетіңіз бен қажырлы қайраткерлігіңізбен қоғам мүддесіне қалтқысыз қызмет етіп, кісілік бітіміңізден айрылған емессіз. Әрдайым мерейіңіз үстем, ғұмырыңыз ұзақ, шуақты күндеріңіз көп болып, ұрпағыңыздың қызық-қуанышына кенеле беріңіз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін!» делінген қала әкімінің құттықтауында.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, VI шақырылымдағы Астана қаласы мәслихаты хатшы-

сының міндетін атқарушы Мәжит Шайдаров Целиноград медицина институтының студенті кезінде Қаршыға Көкешұлының алдынан практикадан өткенін, мерейтой иесі сол уақытта травматология бөлімшесінің меңгерушісі болғанын атап өтті.

– 2000 жылы Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы, кейіннен департаменті құрылды. Осы ведомствоны сізбен бірге басқардық. Бәлкім, дәл сол уақытта елорданың денсаулық сақтау саласы қалыптаса бастады. Облыстық құрылымнан республикалық, астаналық құрылымға ауысу өте ауыр болды. Дегенмен бұл істі сәтті атқарып, саланы астаналық деңгейге көтердік деп ойлаймын. Сол кезде көптеген аурухана мен емхана жөндеді. Жаңа қондырғылар сатып алынды. Қаршыға Көкешұлы педиатрияның дамуына үлкен үлес қосты. Себебі №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасын жобалау мен салудағы оның еңбегі ересен. Ол етік киіп, құрылыс алаңында жүрді, қай жерде не болуы керектің тікелей қадағалады, – деді Мәжит Шайдаров.

Елорда мәслихатының I-V шақырылымдарының депутаты, Астана қаласының құрметті азаматы Николай Мещеряков мерейтой иесімен мәслихатта қатар жұмыс істеген кездерден естеліктерді жаңғыртып, қарапайым болмысына тоқталды. Қаршыға Көкешұлы бәріне, еске-лең ұрпаққа үздік үлгі көрсетіп келе жатқанын атап өтті. Астана

қалалық сайлау комиссиясының төрағасы болғанда дебаттарды біліктілікпен, биік деңгейде ұйымдастырғанын айтты.

Астана қаласы мәслихатының IV-VI шақырылымдарының депутаты Зейнолла Шибкенов жас кезінде осы қалаға қызметке келгенде Қаршыға Көкешұлы көп қолдау көрсеткенін, сол үшін мерейтой иесіне рақметін айтып, ізгі тілегін жеткізді. Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаев Қаршыға Құлмұханов халыққа, қоғамға өте пайдалы қызмет атқарғанын атап өтті.

Астана қаласы мәслихаты V шақырылымының депутаты, елорданың Сарыарқа, Алматы аудандарының бұрынғы әкімі Сапар Ахметов мерейтой иесін ұстаз тұтатынын, ол қаланың әлеуметтік және медицина саласының дамуына үлкен үлес қосқанын айтты.

– Қаршыға Көкешұлы, Солтүстік Қазақстан облысында, Есідің жағасында әріпкентай ауылда туып-өсіп, талпынып білім алып, Целиноград, Ақмола өңірінің, бүгінгі ел астанасының өрлеуіне үлес қостыңыз. Сізден көп нәрсе үйрендім. Соның ең бастысы – мемлекетшілдік. Өзіңізді ғана емес, елдің халықтың, қаланың жағдайын ойлап, қиындыққа мойымай, ынтымен жұмыс істеу – бойыңызда бар қасиет. Бүгінде елге құрметтісіз, жүрген жеріңізде төрлесіз. Сол төрден түспеңіз! – деді Сапар Ахметов.

Астана қаласы мәслихаты VI шақырылымының депутаты, Астана қаласы әкімдігі көпсалалы медицина орталығының директоры, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Төлеуғаев мерейтой иесін 15 жылдан бері білетінін, одан көп нәрсе үйренгенін атап өтіп, ол зейнетке шыққаннан кейін де бос отырмай, қоғамға пайда тигізіп келе жатқанын айтты.

– Қаршыға Көкешұлы қазір Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау палатасының төрағасы ретінде талай медицина қызметкерінің әлеуметтік жағдайының жақсаруына үлес қосып, әлі күнге дейін белсенді қызмет атқарып келе жатыр. Жас буын дәрігерлерге өзіңіздің үлгіңізді, өзіңіздің тәжірибеніңізді көрсете беруіңізге тілектеспін! – деді Мұхтар Төлеуғаев.

Астана қаласы мәслихатының VI-VII және қазіргі VIII шақырылы-

мының депутаты Алтыншаш Табулдина мерейтой иесін қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының атынан құттықтады.

– Елорданың бүкіл дәрігерлері сізді жақсы біледі. Сіз әлі күнге дейін сөзіңізге барлығы құлақ асатын медицина саласының белсенді маманысыз. Қазір бас қаланың Қоғамдық денсаулық сақтау палатасын басқарып, қала емханаларын бақылау кеңесінің төрағасысыз, Медициналық сақтандыру қоры комиссиясының мүшесісіз. Менде кейбір мәселе бойынша күмән туындағанда үнемі сізден ақыл сұраймын. Сонда сіз дұрыс кеңес беріп, соның арқасында алға өрлейміз. Бірінші рет депутат болып сайланғанымда сіздің: «Алтыншаш, өзгеріп кетпе. Осындай қарапайымдылықпен, адамдарға жақындағыңмен адал еңбек етсең дұрыс боларсың» деген сөзіңіз әлі күнге дейін есімде, – деді Алтыншаш Табулдина.

Жиында Қаршыға Құлмұханов облыстық клиникалық ауруханада жұмыс істегенде ең үздік травматолог болғаны айтылды. Мерейтой иесінің шәкірті, Нұрлан Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы директорының клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары Мейрам Баубеков Қаршыға Көкешұлы тың өлкесінің және Астананың травматология және ортопедия саласының негізін қалаушы екенін атап өтіп, қазір де аталмыш орталықтың жетекші травматологы болып отырғанын айтты.

Мерейтой иесінің өзі қала басшылығына, қалалық мәслихатқа, әріптестері мен шәкірттеріне алғысын айта келе, өткен күндерді еске алды. Өмір жолына тоқталып, осы күнге ұстаздарының арқасында жеткенін атап өтті.

– Осы қалаға келгенімді екінші бақытым деп санаймын. Сол кезде Целиноград медицина институты енді ашылып, оған сол уақыттағы кең байтақ Одақтың әр түрлілерінен тамаша ұстаздар жиналды. Олар ұстаздарымыз ғана емес, ата-анамыздай болған еді. Оқуды бітіргеннен кейін осында қалдым. Әрине, бұл қаланың астанаға айналатынын білген жоқпын. Астана кезінен бес әкіммен, олардың орынбасарларымен жұмыс істедім. Бұл мен үшін үлкен мектеп болды, – деп түйіндеді сөзін Қаршыға Құлмұханов.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІНЕ ҚҰЛАҚ АСАДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаты, мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Кеңдебай Адамбек депутаттық мандатқа ие болған уақыттан бастап 30 тұрғынға қабылдау өткізіп, өтініштерінің басым бөлігін орындады.

Елорданың көптен бері орталық жылда мұқтаж болған «Лазурный берег» тұрғын үй кешенін орталықтандырылған жылуға қосылуына атсалысты. Ұлттық биотехнология орталығы тарапынан түскен өтінішке жұмыс тобын құрып, ортақ келісімге келуге көмектесті. Қаламыздағы өтініш келіп түскен өзге де мәселелерді шешіп берді. Соның ішінде аулаларды абаттандыруға, көшелерді жарықтандыруға, жол қауіпсіздігіне арналған құрылыстарды орнатуға және т. б. мәселелерді шешуге көмектесті. Елорданың тұрғын алаптарын көгалдандыруға, жапыртандыруға, жол және көріз жүйелерін жүргізуге септігін тигізді. «Мектепке жол» бағдарламасы аясында 3 оқушыға мектепке арналған барлық құрал-жабдығы бар портфель сыйлады. «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы шеңберінде тыл ардагерлеріне

тұрақты көмек көрсетіп келе жатыр.

Кеңдебай Сарыбайұлы Астана қаласының коммуналдық меншікті тиімді басқару комиссиясына, тарифтік саясат жөніндегі өңірлік кеңестің жұмыстарына белсенді және нәтижелі үлес қосты. Астана қаласы бойынша тексеру комиссиясының жұмыстарына жүйелі түрде қатысты. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы шеңберінде қызметтік көлік саласы бойынша және бейнебақылау камералары бойынша жобалардың жүзеге асуына өз септігін тигізді.

Депутат бюджет қаражатын тиімді пайдалану, Астана қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру мәселелерін ерекше бақылауда ұстауда. Жергілікті атқарушы органға №1 индустриалды парктің инфрақұрылымын аяқтау және №2 индустриалды пар-

ктің жобасын бастау, «Астана кәсіпкерлігі» бағдарламасын іске асыру жөніндегі міндеттерді іске асыруға жәрдемдесуде. Бюджеттік шығыстарды оңтайландырудың, қаланың жүйелі жобаларына қаражатты тиімді пайдаланудың тұрақты бастамашысы болуда.

Кеңдебай Адамбек елордалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясын басқарады. Өткен жылдың сәуір айынан бастап тұрақты комиссия 20-дан астам жоспарлы отырыс, соның ішінде жария тыңдаулар, көшпелі отырыстар өткізді. Тұрақты комиссияның құрамына 8 депутат кіреді. Оның барлық мүшелері комиссия қызметіне және мәслихаттың басқа органдарына белсенді қатысады. Олар бекітілген өз округтерінің тұрғындарымен тұрақты байланыста, сайлаушылардың оларға келіп түскен өтініштері бақылауда,



азаматтарды тұрақты түрде жеке қабылдау жүргізеді. Тұрақты комиссия қызметіндегі басым бағыттардың бірі ретінде алдағы жылдарға арналған қала бюджетін дайындауға және бекітуге басты назар аударады. Жалпы мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының қызметі қолданыстағы заңнамаға, мәслихаттың 2023 жылға арналған регламенті мен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асады.

Кеңдебай Сарыбайұлы – Апанат партиясының мүшесі. Партияның Астана қалалық сайлауалды «Халықпен бірге» бағдарламасы жол картасының 10 тармағына жетекшілік етеді. Құжатта халықты жұмыспен қамту, инвестициялық жобаларды тарту, өңдеу өнеркәсібін арттыру, «Бюджетке қатысу» бағдарламасын ұйымдастыру, тағы сол секілді бірнеше тармақтың жүзеге асуын бақылауда ұстайды. Партияның Астана қалалық сайлауалды бағдарламасының жол картасы бойынша 2023 жылы өзіне тиесілі

тармақтарды сәтті орындады.

Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шеңберінде әрбір он мың тұрғынға кемінде 100 жаңа жұмыс орнын құру жоспарын партиямен бірге 51806 жаңа жұмыс орнын құруға көмектесті. Кәсіпкерлікті дамыту аясында 17 нысанды қолданысқа беруге атсалысты. Мұқтаж азаматтарды жалға және несиеге берілетін 1416 пәтермен қамтамасыз етіп, соның ішінде 500 пәтердің жастар үшін сатып алынуына көмектесті. Сонымен қатар 26 көпқабатты тұрғын үйге және 30 жеделсатыға жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етті. Әлеуметтік осал топтар санатына жататын 170 мың адамның қоғамдық көлікте тегін жүруінің сақталуына өз көмегін көрсетті. 400 жаңа қоғамдық көлік сатып алуға, 13 шақырым жаңа көше салуға жәрдем берді. Мәслихаттағы Апанат партиясы фракциясының бақылауымен 3-ЖЭО бірінші кезегінің құрылысы аяқталуына, 96 шақырым газ желілерін жүргізуге өз септігін тигізді.



БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ

Астанада Наурыз мейрамын мерекелеу аясында «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры ерекше балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды құттықтады.



Наурыз – бірліктің, ынтымақтың мерекесі. Биылғы мерекенің тағы бір үлкен жетістігі ұлттар ара ынтымақты күшейтіп, бірлікті бекемдеуді тақырып еткен мәдени іс-шаралар да көп өткізілді. Жалпы республика бойынша 400-ге жуық іс-шара өткізілсе, тек астананың өзінде 200-ден аса Наурыз думаны тойланып, жұрт мереке мерейіне, Наурыз қызығына қанды. Сонымен қатар қаланың 5 ауданында 30-дан астам мерекелік концерт өтті.

«ЕХРО» халықаралық көрме орталығында отандық және

ӘСЕМ ҚАЛАҒА ӘР БЕРГЕН ӘЗ – Наурыз

шетелдік қолөнершілердің қатысуымен «Көшпелі өркениет» фестивалі өтіп, оның аясында бай мазмұнды мәдени шаралар ұйымдастырылса, «Бәйтерек» монументінде ұлттық киім киген жастардың неке қию салтанатында көпке сыйлы ақсақалдар мен көпбалалы аналар «Наурыз

бата» береді. Орталық алаңда, «Қазақ елі» монументіне де наурыз шаттығы шалқыды. Аудан әкімдігімен бірлесіп Алматы ауданының 12 тұрғын үй алабында, Байқоңыр ауданының 8 тұрғын үй алабында, Сарыарқа ауданының 4 алаңында, Есіл ауданының 4 алаңында, Нұра

ауданының 4 алаңында да мерекелік іс-шара өтті.

Осы күндері әртүрлі турнирлер, жарыстар, ұлттық ойындар мен ұтыс ойындары өткізілді, оларға мерекеге жиналған жұрттың көбі қатысып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

«Баршаңызды мерекемен құттықтаймын! «Бақытты шаңырақ» қорына шын жүректен өркендей беріңіздер деп тілеймін! Елордадағы инклюзивті қоғамды дамытудағы қажырлы еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын! Астана әкімдігі тарапынан сіздердің жұмыстарыңызға жан-жақты қолдау көрсетіле береді» деді іс-шараға қатысқан елорда әкімінің орынбасары Есет Байкен.

«Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорының басшысы Ботагөз

Сұлтанова балалар үшін ұмытылмас мерекелік шаралар ұйымдастырылғанын атап өтті.

«Балалар үшін біз үлкен концерт ұйымдастырдық, оған дарынды балаларымыздың өздері қатысты, ал қойылым соңында біз лотерея ойнаттық, онда әркім өз сыйлығын алды. Мереке қонақтарына ұлттық тағамдар ұсынылды. Аға буын өкілдері жастарға ұлттық дәстүрлер туралы айтып, оларға бақыт тіледі» деді іс-шараны ұйымдастырушы.



ШЫҒЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ

Астанада 22 наурыз күні ЭКСПО халықаралық көрме орталығында «Наурыз базары» шығыс жәрмеңкесі өтті. Үш күнге созылған мерекелік іс-шараға 90 мың адам қатысты.

Жәрмеңкеге Қазақстан, Түркия, Иран, Әзербайжан, Өзбекстан, Тарстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Қырғызстан қолөнершілер келді. Олардың арасында зергерлер, қыш шеберлері, керамика, тас және монета мамандары, кілем тоқушылар мен халық музыкалық аспаптарын жасаушылар болды. «Наурыз базары» жәрмеңкесіне қатысушылар этностильдегі киімдердің, зергерлік бұйымдардың,

керамика, металл, киіз және жібектен жасалған заттардың, қадесыйлардың жаңа топтамаларының таңдаулы нұсқаларын ұсынды.

Жәрмеңкеге келушілер қолдан жасалған бұйымдарды тамашалап, сондай-ақ азық-түлікті тікелей ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден сатып алды. Азық-түлік жәрмеңкесінде 200 тоннадан астам өнім, оның ішінде ет және сүт өнімдері, көкөністер мен



жемістер, бал және өзге де тауарлар сатылды.

«Наурыз базары» аясында Шығыс тағамдары фестивалі өтіп, онда астаналықтар мен қала қонақтары наурыз көже, палау, бауырсақ және басқа да ұлттық тағамдардан дәм татты. Жәрмеңке барысында келушілерге арнап 4,5 тоннадан астам палау, 1000 литр наурыз көже және 10 мың кебаб таяқшасы дайындалды.

Астаналық Оксана Сергееванын айтуынша, жәрмеңкедегі бағалар мен оның асортименті таң қалдырды.

«Мен әлемнің түкпір-түкпіріне шағын саяхат жасағандай сезіндім! Шығармашылық шеберлердің үлкен орны, мереке атмосферасы. Киімнің, зергерлік бұйымдардың, үйге арналған заттардың өте көп таңдауы. Бағалары да қолжетімді. Баршаңызды Наурыз мерекесімен

құттықтаймын! Әр үйге бақыт, жақсылық және бейбітшілік тілеймін» деді жәрмеңкеге келуші.

Жәрмеңкеде мерекелік концерттер мен ұлттық спорт түрлерінен бұқаралық жарыстар өткізілді. Шығармашылық

үшін Open space аймақтары жұмыс істеді: сурет салу, қыш ыдыс жасау өнері, қазақтың ұлттық аспаптарында ойнау, мүсіндеу. Жастар үшін арқан тарту, асық ату мен тоғызқұмалақ ойындары ұйымдастырылды.



ҰЛТТЫҚ СПОРТ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Елордада Наурыз мейрамына арналған ұлттық спорт түрлерінен жарыстар 21-22 наурыз күндері қаланың барлық аудандарында ұйымдастырылды. Атап айтқанда, қазақ күресі, қошқар көтеру, арқан тарту, қол күресі, гір көтеру және асық ату сынды ұлттық спорт түрлері өте жоғары деңгейде өткізілді.



Райхан РАХМЕТОВА

Бұл жарыстар 21-22 наурызда Алматы ауданындағы «Қазақ елі» монументі алдында, Қобыланды батыр көшесі, 7 үй маңайында, Қордай және Р.Қошқарбаев көшелерінің қиылысында, Интернациональный, Миуруин, Железнодорожный, Промышленный, Күйгенжар тұрғын

алаптарында, «Отау», «Сарайшық» шағын аудандарында, «Нұрлы жол» теміржол вокзалы жанында, «Президент» саябағында ұйымдастырылды.

Ал Сарыарқа ауданы бойынша Әкімшілік алаңда, «Көктал» саябағында, «Қорғалжын», «Оқжетпес» алаңдарында өтті. Сол сияқты Байқоңыр ауданында «Ататүрік» саябағында, «Жазушылар аллеясы» алаңында, Қазгородок, Кирпичный, Өндіріс тұрғын алаптарында,

«Қоянды» саяжай алабында өткен жарыстарды қала тұрғындары қызыға тамашалады. Сонымен қатар Есіл ауданында да «Бәйтерек» монументінің жанындағы алаңда, «Ехро» ХКО-да, ЭКСПО аумағында, Пригородный тұрғын алабында ұлттық спорттың аталған түрлері бойынша өткен жарыстар көптің көңілінен шықты. Нұра ауданындағы «Үркер» тұрғын алабында, Айғыржал көшесіндегі алаңда, «Жағалау» шағын ауданында да осындай іс-шаралар өткізіліп жатты.

Спорт десе ішкен асын жерге қойған, білекті де жүректі жастар боз кілемде белдесіп, әдемі өнер көрсете білсе, енді бірі Наурыз мерекесінің көркін қыздырған қошқар көтеру сайысын тағатсыздана күтті. Қалалық спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының басшысы Бахтияр Масановтың айтуынша, биыл қошқар көтеруде чемпиондық атақ астаналық тұрғынға бұйырыпты.

– Наурыз – қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртына ортақ ұлы мейрам. Жылдың басы, күн мен түннің теңеліп, алты ай қыстан кейінгі халықтың жадырап, көңілі көтерілетін шуақты шақ. Қазақты өзге жұрттан ерекшелеп тұратын ең басты артықшылығы – ұлттық құндылықтары. Соның ішінде ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық ойындарымыз ғасырдан ғасырға жалғасып, бүгінгі күнге жетіп отыр. «Ататүрік» саябағында салмағы 110 келден асатын қошқарды 59 рет көтерген елордалық Болат Қажыгелді жеңімпаз деп танылды. Жеңімпаз жүлдеге өзі көтерген қошқарды алды. Ал «Қазақ елі» монументі алаңында салмағы 100



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



келі қошқарды Тараз қаласынан келген Қабылбеков Дархан 40 рет көтеріп, қошқарды еншіледі. Сондай-ақ түйе балуандар белдесуі де тартысты өтті. Боз кілемде бабы мен бағы келіскен жеңімпаздар анықталып, жүлделерін еншіледі. Ұлттық спорт ойындарына

қатысып, жеңіс тұғырынан көрінген әр қатысушылар өздерінің сыйлықтарын алды, – деді ол.

Елордада өткен барлық ұлттық спорт ойындарына 10 мыңнан астам адам қатысты.

«ТАЗАРУ» МЕЙРАМЫ

Наурызнаманың соңғы күнінде Астанада «Тазару» жалпыұлттық акциясы өтті. Оған 35 мыңға жуық қала тұрғыны, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, бизнес өкілдері, жастар, еріктілер, аудан белсенділері қатысты.

Акцияға қатысушылардың әрқайсысы елордада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге өз үлесін қосты. Қала тұрғындары бүкіл кіреберістермен өз аулаларын тазарту үшін шықты. Мердігерлік ұйымдар шағын сәулет нысандарын, ескерткіштер мен мүсіндік құрылыстарды, қоқыс алаңдары мен контейнерлерді жуу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. Қаланы жалпы жинау кезінде бес ауданның әрқайсысында аялдама кешендерін, тротуарларды, қоршауларды, жарықтандыру тіректерін жуу және тазалау жұмыстары істелді. Акция аясында аулалар мен көшелер, сондай-ақ арықтар қар мен қоқыстан тазартылды.

Елордада 60 мыңға жуық тонна қоқыс жиналып, шығарылды. Тазаланған аумақтың ауданы 52 млн шаршы метрден асады. Іс-шараға 1000 арнайы техника бірлігі және 2300 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Полигонға 60 мың тонна қалдық шығарылды. Мәселен, жалпыұлттық экологиялық акцияға қаланың Сарыарқа ауданы әкімдігі мен «Астана жастары» еріктілері қатысты. Ауданда орналасқан орталық көшелер, тұрғын алаптар, саябақтар, қоғамдық кеңістіктер және аула аумақтары тазаланып, аялдама павильондары, тротуарлар, жолдарды

жуу жұмыстары жүргізілді.

«Сарыарқа ауданын тазалауға 270-тен астам арнайы техника мен 650-ге жуық жұмысшы жұмылдырылды. Қысқы кезеңнен кейінгі ауданның тазалық жұмыстарын жүргізуге 1500-ге жуық адам қатысты. Сондай-ақ оған білім және мәдениет ғимараттары, құрылыс компаниялары, шағын және орта бизнес өкілдері атсалысты. Акция аясында еріктілермен бірге жеке секторда тұратын жалғыздік зейнеткерлерге, ерекше қажеттілігі бар адамдарға үй маңындағы аумақты тазартуға көмектестік» деді Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Елдар Томашов.

Ал Алматы ауданында өткен акцияға 6 мың адам қатысты. Оның ішінде мердігер ұйымдар, әскери бөлімнің сарбаздары, әлеуметтік нысандардың қызметкерлері, еріктілер және аудан тұрғындары бар.

Көктемнің келуімен қар ери бастайды. Бұл ретте, әсіресе, үй аумағын өз бетінше тазарта алмайтын қарттар мен жалғызбасты адамдарға қиын. Мұндай кезде зейнеткерлерге елордалық еріктілер мен жастар ұйымдарының өкілдері көмекке келеді. Жалпықалалық экологиялық акция кезінде Аманат партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қозғалысының еріктілері аулаларында қарды тазалай алмай-



тын жалғыздікті қарт адамдарға қар тазалау бойынша көмек көрсетті. Зейнеткерлер астаналық еріктілерге көрсеткен көмектері үшін алғыстарын айтты. Сондай-ақ акция барысында 250 техника жұмылдырылды.

«Акция аясында аялдамаларды жуу жұмыстарын жүргізу жоспарланды. Бұл жұмыстар мына көшелерде жүргізілді: Сәтбаев көшесі (Меридиан аялдамалары), Күйші Дина көшесі (Медициналық орталық аялдамасы), Құдайбердіұлы даңғылы (Құрылыс гипермаркеті аялдамалары), Абылайхан даңғылы (Абылайхан даңғылы, Ұлттық ғылыми орталық аялдамалары), Момышұлы даңғылы (51 мектеп-гимназиясы аялдамалары)» деді Алматы ауданы әкімінің баспасөз хатшысы Аяна Қанат.

Елорданың Нұра ауданында «Тазару» акциясына 3000-нан астам адам қосылды. Үлкен сенбілік Орталық саябақтың аумағында ауқымды деңгейде өтті.

«Екі күн бойы біз Наурызды Орталық саябақта кең көлемде атап өттік. Біздің есептеуіміз бойынша, саябаққа 35 мыңнан астам адам келген. Әрине, бұл саябақтың санитарлық жағдайына айтарлықтай кері әсерін тигізеді. Наурызнаманың соңғы күні – Тазару күнін саябақта өткізіп, оның аумағын қоқыстан тазартуды жөн көрдік. Бұл үшін бізге еріктілер мен қоғамдық ұйымдар көмектесуде» деді Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметова.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

КИМЕШЕКТИҢ КИЕСІ

ТҮЛПАРДЫҢ ТҮЯҒЫ –
БҮЛБҮЛҚАН

Қазақстан және шетелдерде өткен әртүрлі қолөнер байқауларының жеңімпазы, республикалық «Ақ кимешек – ұлт ажары» байқауының бас жүлдегері, Ақмола облысы «Сәнді сәукеле мен киелі кимешек» шеберлерінің байқауының бас жүлдегері Бұлбұлқан Серғазының ісмерлік өнерде 30 жылдық тәжірибесі бар. Ақ кимешекті дәріптеп, оны он саусағынан меруерттеп кестелеп отырған асыл өнеріміздің көзін ұрпаққа жалғаушы ісмер.

Бұлбұлқан Серғазықызы 1966 жылы Шыңжаңның Манас ауданында туған. Қазаққа, әсіресе, арғы бет қазағына танымал болған «Марғабалдың қара қасқа аты» деген әйгілі жүйрік болған, ал Бұлбұлқан сол атақты қара қасқа жүйрік шыққан шаңырақтың шөпшегі болса, анасы Мәрия текті шаңырақтың күйбің тіршілігімен айналыса жүріп қаршадай қызын өнерге баулыған екен. Анасы дарытқан асыл қасиетпен бойжеткен ол Манас аумағында өткен қолөнер байқауына қатысып, айналасына ұлттық өнерді насихаттай білді. Тұлпар мінез текті атаның ұрпағы Қазақстан Тәуелсіздік алғанда ерекше қуанып, жұбайы Асылқан Қатанұлы және балаларымен елге келді. Атажұртқа келген соң қарап отырмай кәсіп істеудің қамына кірісті.

АҚ КИМЕШЕК
ТІККЕН АНА

Кимешек тігу де – өнердің бір түрі. Кимешек басқа көптеген бас киімнің түрлерінен ерекшеленеді. Мысалы, пішілмеген, тігілмеген басқа орай киілетін бас киімдер – орамал, шылауыш тағы басқа сияқты атауларымен белгілі. Ал тігіліп киілетін бас киімдер тобына – тақия, малақай, бөріктің көптеген түрлері жатады. Кимешек болса – төбе мен иықты қоса белге дейін түгел жауып тұратын, тұтастығымен ерекшеленетін бас киім түрі. Кимешектің басқа оралатын шылауыштардан негізгі айырмашылығы – тігіліп істелетіндігінде. Кимешектің бетке келетін тұсы ойып алынады да, төбесі тұйық болады. Кеудесін, жағын, бет жақтауларын

Астаналық кәсіпкер Бұлбұлқан Серғазықызы Орталық базардан орын алып, қолдан тіккен, тоқыған бұйымдарын сатып жүр. Кәсіптің көзін тапты, сұрағанға қол ұшын беріп, білген көмегін аямады. Байқауларға қатысып, кәсіп аясын кеңейтіп, білімін толықтырды. Ол додалы байқауларда қолөнер бұйымдарын, әсіресе, кимешек сынды киелі бас киімді ерекше кестелеп, маржандарды ерінбей қолмен тігіп, ұлттық өнердің құндылығын асырды, асыл өнерінің арқауын үзбей, білгенін басқаларға үйретті.



көмкеріп кестелейді. Шеттері күміспен, тана моншақтармен тігіледі. Қазақ әйелдерінің кимешек киюі және оның сыртынан шылауыш тартуы әр өңірде әртүрлі.

Бұлбұлқан Серғазықызы тігін тігу ісін марқұм анасынан (өзі «енем» деп айтады анасын) үйренген. Анасы өз заманында мықты тігінші, шебер, ісмер жан болған екен. Небір қиын тігілетін бұйымдарды, тымақтарды тігіп, киіз үйлерді басудың басқаларға әдістерін үйреткен екен. Бар ынта-ықыласымен шешесінің жанында отырып, құрақ құрап, әдемі көрпе-көрпешелерді тігуге машықтанған ол болашақта көнігі шебер атануды алдына мақсат етіп қояды. Тігін тігуге деген қызығушылығы осы кезден бастап оянады. Ауылдағы барлық үйдің түскізінің үлгісін сызып, тігуіне көмектеседі. Оның қолтаңбасын бәрі

біледі, түлкі тымақтан бастап той көйлекке дейін тіккен дүниелерін ел жапа-тармағай сатып алып кететін. «Атажұртқа кетерде 90-ға келген анасы тіккен жіптерімен тастап кетуімді өтінді, өмір бойы қолынан іс түспеген шешем көзі жұмылғанша қолөнер ісіне адал болды» дейді Бұлбұлқан Серғазықызы.

– Көзім ашылғалы бері қолымнан ине, жіп, тоқу түскен емес. Өмір бойы тігіншілікпен айналысып келемін. Шешемнің өз қолымен тіккен кимешегін әлі сақтап жүрмін. Сүйегі асыл анам жасы тоқсанға келсе де қолынан ине, жіп түспеген, мен де, бұйырса, алпысқа жақындадым, денсаулық барда анам секілді ұлттық өнеркестермен кәсіпті жалғастырып, халықтың алғысына бөлене беремін деген ойдамын. Атажұртқа оралған соң 2009 жылы Астананың маңындағы Қоянды ауылына

көшіп келдік. Кәсіп бастадық, – дейді ісмер жан бізбен әңгімесінде.

Осылайша тігінші көп ойланбастан жұмысыздарға берілетін мүмкіндікті пайдалануға бел буады. «Бастау бизнес» жобасы бойынша өз жобасын қорғап, қайтарымызсыз грант негізіндегі қаржыға қол жеткізеді. Осы қаржыға кестелеп тігетін тігін машинасын сатып алады. Бүгінде осы тігін машинасымен түрлі тігістерді жылдам әрі әдемі етіп тігіп, кәсібін өрге домалатып отыр. Өз қолымен де іс тігеді, қасында көмекшісі де бар.

Екі ұлы да үйленген, келін түсіріп, оларды да осы кәсіпке баулиды. Қазір немере қыздарына үйретіп жүр.

– Балалық шағымыз киіз үйде өтті. Киіз басу, сырмақ тігу, кілем тоқу, кесте тігу, ұршық иіру, жүн түту бұрыннан қалған ата дәстүрімізді бала

кезден жалғастырдық. Киім пішу, кию, тігу күнделікті іс болатын. Қазір де қолымнан ине-жіп түскен емес. Жасым алпысқа жақындап қалса да ісмерлікпен айналысып, осы өнер арқылы рахат күй кешемін, – дейді Бұлбұлқан апай.

Ісмердің қимылы да ширақ, көз ілеспейді, бір демде жейдені тігіп, кимешекті кестелеуге көшті. Қалалы жерде тұрса да тамырында қазақтың қаны тулап аққан ұрпақ баба мұрасын әлі ұмытқан жоқ, керісінше шамасы жеткенше ұлықтауға тырысады. Ұлттық нақыштағы қолдан жасалған дүниелерге сұраныс көп. Кимешекке моншақты, бисермен кестені өзі тігеді.

«Тойларда үлкен апаларға, әжелерге сыйға тарту етсем, олардың қатты риза болғанын көріп жүрмін» дейді ісмер апай.

ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДІ
КІМ ҚАЛАЙ КИІП ЖҮР?

Қазақ әйелдерінің бас киімдері олардың жасы мен отбасы жағдайына байланысты ерекшеленген. Тұрмысқа шыққан-шықпағанын, күйеуі қайтыс болғанын бас киіміне қарап білген. Мысалы, тұрмысқа шықпаған қыздар ешқашан орамал тақпаған. Ал сәукелені қалыңдық қана киген. Егде жастағы әйелдер әшекейсіз кимешек пен ақ жаулық тартқан.

«Ұлттық киімдерді қазір әркім өзіне былықтырып киіп жүр. Кимешектің де жастарға, үлкендерге арналған түрлері бар, жас ерекшеліктеріне орай қалай тігесіз?» деген сауалымызға ісмер апай ықыластанып жауап берді.

– Жас келіншектерге кимешек тіккен кезде қызыл түсті араластырып тігемін. Жалпы, жас келіншектерге арналған кимешектің бет жақтауы кеңдеу болады. Қызыл, күлгін түсті жіптермен кестеленген жас келіншектердің кимешектері көздің жауын алады. Оның сыртынан шылауыш тартады. Ал мосқал тартқан әйелдердің кимешегінің бет жақтауы тарлау келеді де, әдемі кестеленеді, бірақ әшекейленбейді. Кейде егде тартқан әйелдер кимешектерін ақшыл, сары түсті жіптермен кестелейді.

Дәстүрлі ортада апа-әжелер кимешекті ерекше қастерлеп, таза киюге тырысқан. Кір, лас

киім киген адамның басынан бағы, берекесі қашады, өзін марту басады деп білген. Көп жасаған қарт ана кимешегін өзінің жанына жақын келініне көзімдей көр деп мұра ретінде қалдырған. Кейде кимешекті әдейілеп сұрап алатындар да бар.

ТАБЫСТЫ
БОЛУДЫҢ СЫРЫ

– Еңбегің жемісті болудың басты сыры – үлкенге ізет көрсетуде, салауатты өмір сүруде, сыйластықта жатыр. Үлкен үйде әруақ бар деп төрге шықпаушы едік, бақшаңдап ешкіммен шәй деп ұрыспадық. Үлкендерді сыйлағаннан жаман болмадық. Қазіргі тәрбиеге қатысты айтар едім, жастар ұлттық өнерді, игі дәстүрді ұмытпай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуі тиіс. Әрі кәсіп, әрі табыс, әрі ұлт құндылықтарына насихаттау маған зор күш береді, саналы өмірімнің көп бөлігі осы мақсатқа жұмсалғандығына ризамын. Мына тіккен кимешектер маржанмен әдіптелген, жуырда Алматыда болатын көрмеге сол маржанмен тіккен, сондай-ақ күндік жаулықпен тігілген ерекше бұйымдарды апара жатырмын. Қазақ әйелдерінің жас ерекшелігіне қарай жаулық әртүрлі болады. «Ақ жаулықты ана» деп дәріптеген. «Жаулық салу» деген ғұрып бар, оны кимешектің сыртынан тартады. Жаулықты әр өңірде әртүрлі атаған. Шаршы, шұлауыш, күндік деген атаулары бар. Қазақ барда қазақтың төл өнері жаңарып, жаңғырып, жасай бермек, – деп ағынан жарылды ісмер, шебер Бұлбұлқан Серғазықызы.

Бұлбұлқан апай жылда Наурыз мейрамын асыға күтеді. Өйткені Наурыздың басты дәмі – наурыз көкөнін әзірленуін апайдың өзі қадағалайтын ежелгі дағдысы. Енесінен қазақы дәмнен құрт-май шайқап, саба пісуді үйренген. Саба дегеніміз, өздеріңіз білесіздер, қымыз, шұбат ашыту, іркіт пісу үшін пайдаланылатын, мал терісінен пішіп тігілетін ыдысымыз.

Ақ кимешек тігіп, ұлттық өнерді ұлықтаған Бұлбұлқан Серғазықызы осылайша өз күшімен бастаған кәсіптің игілігін көріп, ел алғысына бөленіп, өзін-өзі жұмыспен қамтып, әрі табыс тауып, әрі ұлттық құндылықтарды ұлықтап, насихаттаумен келеді. Ісмер жанның ісіне береке, отбасына татулық, кәсібіне мол табыс тілейміз.

ҚОЛӨНЕРШІ ДӘРІГЕР

Астана қаласындағы №5 емхананың эндокринолог дәрігері Гүлбайра Қасымова жұмыстан қалт еткенде құрақ көрпе тігіп, тоқыма тоқығанды, қолөнермен шұғылданғанды жақсы көреді.

Райхан
РАХМЕТОВА

25 жылдық тәжірибесі бар дәрігер 2009 жылдан бері елордада тұрады. Оның міндеті – күн сайын қант диабеті, қалқанша безі, жалпы эндокриндік жүйенің бұзылуына байланысты ауруларды емдеу. Таңертеңнен кешке дейін емханаға алдын ала жазылып келген 35-40 адамды қарап, тексеріп, емін тағайындайды, диспансерлік есепте тұратын науқастардың еміне түзетулер енгізеді, аурулардың алдын алу үшін қандай іс-шаралар жүргізу қажеттігін түсіндіреді. Одан бөлек, тіркеуде тұрған барлық жүкті әйелдерді эндокринологиялық тексеруден

өткізеді. Осы жұмыстарынан бөлек, демалыста үйде қолы босағанда тігін машинасын қолына алып, сүйікті ісімен айналысуға уақыт табады. Бұл хоббиін табыс үшін емес, тек өзінің жан тыныштығы үшін жақсы көреді. Сонда да болса оған таныстары тапсырыс берсе, әдемілеп көрпе, жастықтар, шымалдықтар, той шашуға арналған жастықшалар тігіп береді. Оның қолынан шыққан сондай дүниелер Стамбулға, елімізде Павлодар, Кентауға да кеткен.

– Құрақ құрау – қанмен, анамның сүтімен берілген өнер. Анам мені осы өнерге бала кезден баулиды. Жалпы өнер нағашыларымнан да дарыған болар. Нағашы атам қайыстан, теріден аяқ киімдер тігетін

болған. Мектепте жүргенде өзіме түрлі көйлектер тігіп киіп алатынмын. Демалыс күндері қазақша әндерді қосып қойып, тігін тіксем тынығып қаламын. Одан басқа анам тоқыма тоқуды да үйретті. Ауылда жер үй болғасын текемет, алаша, түкті кілем тоқитын едік. Қазір «хит» болып жатқан, тойларда шашу ретінде берілетін оюлы жастықшаларға тапсырыс көп болады. Қолөнеріме байланысты бөлек кәсібім жоқ, тек үй жағдайында бөлменің бір бұрышында отырып тіге беремін, – дейді өнерлі дәрігер.

Гүлбайра Әсетқызы – бес баланың анасы, үлкен ұлы мен қызы шаңырақ көтерген, солардан немере сүйіп отырған әже. Балаларының алды жоғары оқу орнын тәмамдап, еліне қызмет етіп жүр. Келін алып, қолы ұзарған ана осы өнерін өзінің ұрпақтарына да үйретіп, ұлттық қолөнеріміздің өзіне тән ерекшеліктерін солардың бойына сіңіріп кетуді қалайды.



Қыстың қыспағынан, көшпелі тірліктің сан қилы салмағынан мал соңындағылар қалжыраған шақта, табиғат күрт жылынып, қар еріп, төңірекке жан бітіп, көгеріп, құлпыра түсіп, төрт түлік төлдеп, халық дәулеті артып, ақ уызға жарып, төрт құбыласы түгенделе бастауы – көктемнің басы Наурыз айына қатысты.



МЕРЕКЕНІҢ ХАЛЫҚТЫҚ МӘНІ ҚАНДАЙ?



Сондықтан бар бақыттың түшпәріне бекем отырғызған Наурызды қазақтар, күллі түркі тектес халықтар Жаратылыстың ерекше сыйы ретінде мойындап, жаңа күн, жаңа жыл басы, Ұлыстың ұлы күні, «Ұзынсары» деп атап, дәстүрлі мәдениетте символдық мәні зор магиялық фольклорының басты кейіпкері еткен.

Тарихқа жүгінсек, Наурыз мерекесін тойлауды түркі тектес халықтар Наурыз хан – Наурыз Мұхаммед (туған жылы – 1360) – Алтын Ордаңның соңғы билеушісі (Бату ханның әулетінен шыққан) тұсында бастаған. Мұндағы түркі тектес халықтарға көне заманда қыпшақ, тоғыз оғыз, басмыл, қарлұқ, түргеш, отыз оғыз кірсе, қазір олардың атауы сәл өзгеріп: қазақ, қарақалпақ, ноғай, қыпшақ-өзбек, башқұрт-татар, өзбек деп нақтылана түскен. Бұл классификацияға да көңілі толмаған Шоқан Уәлиханов бауырымыз кей тіркелерді жөнсізге балап: ноғай, қазақ, қарақалпақ, башқұрт, татар, өзбек деп ақылға сыйымды ақиқатты жалау еткен.

Қазақ қазақ болғалы өзіне арнаған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурыз. Сондықтан Наурыз мерекесін жаппай тойлап, Ұлыстың ұлы күнін айтарлықтай өткізуді ол кездегі қазақтар асасына, бабасына тиетін дауа ретінде қабылдаған. Наурызды қасиет тұтқаны сондай, дүниеге келген балаларына Наурыз, Наурызәлі, Наурызбай, Наурызбек, Наурыз-

ғали, Наурызмұхаммед, Наурызгүл есімдерімен атағанына төбелері көкке жеткен. Қазақтың барынша сыпайы, мәдениетті, тәрбиелі, кішіпейіл, нәзік жанды келін-кешіктері «Наурыз» деген кісі аттарын айтуға ар-ұяты жібермей, «Ұлы күн», «Ұлыстың ұлы күні» деп атауға дағдыланып кеткен.

Түркі тектес халықтар арасында Наурызды тойлауға өзбектерге ілесерлері жоқтығы жиі айтылатын. Алайда асқан ақын, ғұлама, дінтанушы, киелі, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Орысқа қарамай тұрған күндерде қазақтың Наурызнамасында болған той, мереке қызығы Бұхар мен Қоқанда да болмаған! Қайда атақты асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қалдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тайдан ілгері болды» деп жұртының «Ұлыстың ұлы күнін» ұлықтауға келгенде ешкімге есе жібермейтін мәрттігіне сүйсінеді. Ғұлама ағамыз ел тізгіні қолындағы азаматтарға: «Елді, жұртты оңға бастаймын! Ілгері басуына, мал басы өсуіне тілеулес боламын!» деушілер осы Наурызды құрметтеп, «Ұлыстың ұлы күні атандырып, той-тамаша қалдыруға тырысуы керек» деп кейінгілерге өсиет қалдырған. Наурызнама тойларында қожа кітап оқып (кітаптың аты «Салдана»), шалдар бата қылғанда, жұрт жылап, шулап, «Әмин» деп отырған. Көп кешікпей қожа, шалдардың айтқаны айтқандай

келіп, халық, жұрт ілгері басып, малы да өсіп, басы да өсіп, береке еткен. Бәрі пейілге, ниетке, еселі еңбекке, Құдай жолына адалдығына қатысты. Сондықтан кедейлер Наурыз мерекесіне жалғыз қойын сойып, наурыз көжесін үлестірсе, байлардың бәйбішелері ірімшік пен қарын-қарын майын, қазан-қазан жентін қасиетті мейрамға әзірлеп отырған. Ежелгі қазақтар «Ұлыстың ұлы күні» 22 наурызда ғана емес, 1 наурыздан 1 көкекке дейін созып, құмары қанғанша тойлаған.

Риза болатының ежелгі Наурызнаманы байлық біткен ел азаматтары ұйымдастырып, барын жұмсап, мерекені неше күндеп тойлап, Құдайдың қалауы, елдің көңілінен шығуға тырысқан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кітабына үңілгенде, біз Баянауылдың баурайынан 100 кісімен жолға шыққан Едіге биді Қызылтауда Сәти байдың өзі үйінде болмай, бәйбішесі қабылдап, Наурыз тойын осы үйде тойлауға көндіріп, 100 адамды, ауылдастарын 9 күн «ас та төк, шаш та төк» қылып сыйлағанына таңданамыз. Едіге биді осы үйде жолықтырған Тәти мырза сыйлы биін ауылына жүріп, сонда Наурызнаманы бірге өткізуге шақырады, оған ол көнбейді. Соған назаланған би, ыңғайына көнбеген биге әйтсе де түйе бастатқан тоғыз, 100 адамның біріне түйе, біріне ат беріп сый қылған. Едіге бидің мұндай мырзалыққа қолы қысқалық етіп, өкінеді. Әйтсе де Наурызнаманы өткізудегі кедей-

шілігі опық жегізе бермесін бір Алладан жалбарына: «А, Құдай, халқымды, жұрттымды өзімнің тұсымда бай қылмасаң да, балам Шоңның тұсында бай қыл!» деп бата қылған. Дегені Құдайдың құлағына жетіп, Шоң бидің тұсында Жанқозылық жалпақ жұрттың байлыққа қолы жетіп, бір Шоңның өзі жайлауда Наурызды тойлауға 100 отауын тігіп, Наурызнама дастарқанын «ас та төк, шаш та төк» қып жайып, халық қалаған күндерге созып, Едіге би арманын нысаналы индикаторына жеткізді.

Халық өміріне етене жақын, ақыл-ойымен дараланған тұлғалар ұйымдастырған Наурызнаманың нысаналы асулары халқының бағын ашып, той бағдарламалары мазмұндылығымен қуатты. Айттық, Наурыз тойы тек аста-төк дастарқан жаюмен шектелмей, ақындар жазған өлеңдерін оқып, жыршылар жырын төгілдіріп, әншілер әнін шырқап, айттыс ақындары бақ сынасып, палуандар күресіп, жүйріктер жүгіріп, ат бәйгесі ұйымдастырылуы – заңдылық. Көкпар тартылып, сурет көрмелері қатысушылардың жан-дүниесін баурап, қазына қарттардың терең тамырлы өңгімелері «Ұлыстың ұлы күнінің» мән-мағынасын арттырып, Наурыз мерекесі халықшылдық қасиетімен өз алгоритмін айқындата түскен. Міне, қысқаша Наурыз – Ұлыстың ұлы күні, қазақтың төл мерекесінің тарихи, философиялық, халықтық, халықаралық мән-мағынасы, мазмұны осындай.

Жаңа жылымыз, жаңа күніміз, Ұлыстың ұлы күні, Ұзынсары құтты болсын! Аспанымыз ашық, шекарамыз берік, жеріміздің бір сүйемі жылжымай, байлығы халқымыздың мүддесіне жоғалмай, санымыз артып, санамыз еліміздің мұратына қызмет етіп, әлемдегі ең үздік халықтардың қатарынан табылайық!

Тұрсын СЫДЫҚОВ,
ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҮЛГІСІ

Астана қаласының Алматы аудандық Ардагерлер кеңесі ұжымы наурыз айын Отанымыздың болашақ үміті балғын балапандар және жастарға білім нәрін құйып жатқан мектеп ұжымдарымен бірлесіп өткізілген тәрбиелік мәні зор ауқымды іс-шаралармен бастады.

Алдымен Интернационал тұрғын алабындағы Р.Қошқарбаев атындағы №44 мектеп ұжымы мен «Қайсар» бастауыш ардагерлер ұйымы бірлесіп «Жақсы келін – ырысын» атты келіндер сайысын өткізді. Сайысқа №42, №43, №44 мектептер мен «Дәурен», «Арай» балабақшаларынан ұстаздар мен тәрбиешілер қатысты. Қатысушылар бес сатылық талап бойынша өз өнерлерін ортаға салып, сайысты ұтымды өлең шумақтарымен, шебер де, әдемі театрланған қойылымдарымен акт залында тола отырған көрермендер назарын өздеріне баурап алды. Әсіресе қазақ халқының қонақ күту дәстүрін ерекше бағалаған келіндер, ұлттық тағамның түр-түрін жайнатты. Тәрбиелік мәні зор, танымдылық сипатқа бай бұл іс-шараға арнайы қатынасқан Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин мен «Аманат» партиясының Алматы ауданы бойынша атқарушы директоры Б.Әлиярова өздерінің жүрек жарды тілектерін ортаға салып, «Ұрпақтар сабақтастығына» негіз болар мұндай іс-шаралардың қажеттілігін атап өтті.

Ал №32 мектеп-гимназияның мұғалімдері мен оқушылары «Аман-есен» шағын ардагерлер орталығы мүшелеріне мерекелік концерт ұсынып, ардагерлердің ақ батасын алды.

Наурызнама күнтізбесінің екінші күні Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің бір топ мүшесі А.Байтұрсынов атындағы №48 мектепте «Қыз көркем-өмір мектебі» деп аталған бұл сынып сағатына қатысты. Ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту бағытында өткізілген іс-шараның тағылымдық-тәрбиелік маңызы зор болды.

Ал наурыздың 18 күні «Замандас» атты аула клубының жетекшісі Ләззат Алшынбаева «Тұран» бастауыш ұжымының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырып, ұлттық киімдер күніне арналған іс-шара өткізді. Аудан ардагерлері өздері шақырылған мерекелік іс-шараларда оқушылар мен ұстаздарға ұлттық мерекеміз Наурыздың, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды сақтаудың маңыздылығын айтып, ойымызбен бөлістік. Ең бастысы, осындай іс-шаралар арқылы ұрпақтар сабақтастығын жүзеге асырғандай болды. Аудан аумағында Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шараларға ардагер қауымды арнайы шақырып, күрмет көрсеткен барлық мекемелер мен ұйымдарға алғысымыз шексіз.

Манап ӘДІРЕШЕВ,
Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі медиа тобының жетекшісі



ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА – ПАЛАУ ФЕСТИВАЛІ

Елорданың Орталық саябағында Наурыз мерекесін тойлауда палау фестивалі өтті. Екі күн ішінде астаналықтар 2,5 тоннадан астам сан алуан палаудың дәмін татты.

Астаналық Орталық саябақта көктемнің басты мерекесі халықаралық деңгейде атап өтілді. Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан аспаздары бір-бірінен ингредиенттермен ғана емес, сонымен қатар пісіру әдісімен де ерекшеленетін палаудың түр-түрін дайында-

ды. Наурыз мерекесіне Иран мен Тәжікстан елшіліктері бірікті. Өз киіз үйлерінде ынтымақтас елдердің дипломатиялық өкілдері Наурыз көже рецептерімен бөлісіп, дәстүрлі тәттілерін ұсынды. Түркі және парсы халықтары үшін ортақ мерекеге 2 күнде

15 мыңнан астам астаналық келді. Мереке қонақтары үшін эстрада әншілері мен би ансамбльдері өнер көрсетті. Мереке аллеясының бойында жеті қазынаның бірі – тазы, ұлттық киімдегі батырлар және халық әндерін орындайтын әншілер шеруі өтті.



№36-37 (4625) 28/03/2024 Бейсенбі

– Мырзабек Төребеқұлы, қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету – «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізгі міндетінің бірі. Колледжде балалардың тегін білім алып, білікті маман болып қалыптасуы – мемлекеттің айрықша бақылауында. Колледж осы талаптар үдесінен шығып отыр ма?

– Үкімет кадр даярлау, әсіресе жұмысшы мамандықтарды әзірлеу мәселесіне қатты көңіл бөледі. Қазақстан экономикасы қуатты болу үшін оның кадрлары білікті болуы керек. Сондықтан да жас маман кадрларға кәсіптік білім саласында мемлекет көп жағдай жасап отыр. Мемлекет тарапынан негізгі шешілген мәселе – тегін оқу. Қазіргі 9-сыныпты бітірген оқушылар экономикаға керек мамандық бойынша тегін оқи алады. Бұл – өте тамаша қадам. Мемлекеттік тапсырыс қазір жеткілікті түрде беріліп отыр, жыл сайын саны көбеюде. Сапасы туралы айтатын болсақ, нарыққа байланысты қазір колледждерге академиялық дербестік берілді. Онда колледж оқу бағдарламаларын жұмыс берушілермен бірге дайындайды. Мұны өте дұрыс қадам деп айтуға әбден болады. Біріншіден, сапалы, білікті маман даярлауға тікелей өздері қатысқандықтан, жұмыс берушілердің кадрға қатысты сын айтуы азайды, осы процесі барынша жетілдіруге тырысады. Екіншіден, биыл, міне, үшінші жылға кетті, жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша мақсатты түрде дайындау (целевой госзаказ) жүзеге асып отыр. Бұл да жастарымыз үшін тамаша мүмкіндік деуге болады. Талапкер емтихансыз, конкурссыз, тегін, шәкіртақы алып, өзі таңдаған мамандық бойынша оқуға түсе алады. Тек бір талабы бар – жұмыс беруші талапкерді әңгімелесу арқылы қабылдайды. Біздің колледж де, басқа колледждер де сапалы кадрларды даярлау үшін осындай мақсатты жұмыс істеп отыр деуге болады.

– Экономика, сервис және ақпараттық технология салалары бойынша еңбек нарығында мәсекеге қабілетті, құзыретті мамандар даярлауға бағытталған білім беру қызметін іске асыру – колледждің миссиясы. Қажетті материалдық-техникалық базасы қалай, педагогтар тапшылығы бар ма?

– Материалдық-техникалық база оқу процесінде үлкен рөл атқарады. Колледж қарауындағы оқу ғимаратында 138 орындық 6 компьютер сыныбы және 22 аудитория, оның ішінде интерактивті жабдықтармен жасақталған 15 кабинет бар. 21668 кітапты құрайтын кітапханамыз, 5 қабатты жатақханамыз бар, оқимын деген балаға барлық жағдай жасалған. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша Халықаралық қайта құру және даму банкінің (Дүниежүзілік банк) 380000 АҚШ доллары көлеміндегі грантын жеңіп алдық. Осы қаржыға колледждің материалдық және техникалық базасы жетілдірілді, осы мамандық бойынша кәсіби модульдер әзірленді, оқытушылар елімізде және шетелде кәсіби біліктілігін арттыру курсынан өтіп, тәжірибесін шыңдады. Мысалы, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша Қазақстан-Германия жобасының серіктесі болды, 2015 жылдан бері British Council жобаларының қатысушысы және жеңімпазы, Ұлыбританияда мұғалімдеріміз біліктілігін арттыру курсынан өтіп, жеңімпаз студенттер осы елге, Лондонға барып келді. 2021 жылы Creative Spark жобасына қатысып, қатысушылар жобаны

КӘСІПТІК БІЛІМ – БОЛАШАҚ КІЛТІ

Елордада 32 кәсіптік орта білім беру ұйымы бар. Соның ішінде нарыққа сай мамандар әзірлеп, әлеуметтің сұранысына жауап беріп отырған білім ордасының бірі – Қазтұтынуодағы жоғары колледжі. Жаңа заман талаптарына жауап беретін, құрылғанына 68 жыл болған оқу орны – зор мүмкіндіктер алаңы. Бүгін біз елордадағы Қазтұтынуодағы жоғары колледжінің директоры Мырзабек КҮЖИМОВПЕН сұхбаттастық.



даямтуға қаражат алды. 2022 жылдан бастап «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп Ұлыбританияның Capital City College Group компаниясымен халықаралық жобаның қатысушысы болды. Жыл сайын колледжде лекция оқып, тренинг, коуч, шеберлік сыныптарын өткізу үшін «Атамекен» ҰКП жетекші бизнес-тренерлері, қызмет көрсету және экономика саласындағы практикалық қызметкерлер келіп дәріс береді.

– Колледждерде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру жеткілікті ме? Мектеп, жоғары оқу орындарымен салыстырғанда қандай?

– Осы мәселені бүгінде өзекті деуге болады. Мұны Үкімет те біледі, Оқу-ағарту министрлігі қолға алып, нормативтік құқықтық жағынан



Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру мектептегі әрбір балаға 620 мың теңге көлемінде болса, жекеменшік колледждегі қаржыландыру 450 мың теңгені құрайды. Бұл – өте төмен қаржыландыру

әзірлеу үстінде, алдағы уақытта жекеменшік колледждерге қаржыландыру мәселесі шешімін табады деген үміттеміз. Өйткені кадр тапшылығының осы қаржыландыруға тікелей қатысы бар. Оқытушылардың мемлекеттік колледждегі әріптестерінен жалақысы төмен, сондықтан оларды ұстап тұру қиын. Мысалы, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру мектептегі әрбір балаға 620 мың теңге көлемінде болса, жекеменшік колледждегі қаржыландыру 450 мың теңгені құрайды. Бұл – өте төмен қаржыландыру. Негізі, колледждерді қаржыландыру сомасы 700-800 мың теңге болу керек деген есеп-қисап бар. Үкімет қажетті заңнамаларға өзгерістер енгізіп, бұл мәселені шешуді қарастырып отыр.

– Сенімді әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер, тәжірибелік оқыту базасы туралы айта кетсеңіз. Колледж-студент-жұмыс беруші: келісім қалай?

– Бүгінгі таңда білікті кадрлар даярлау тек білім беру мекемесінің міндеті емес. Колледждерге академиялық дербестік беруге байланысты ол талаптар өзгерді. Қазір білім ордасы-жұмыс беруші-студентпен бірлікте атқарылар үлкен жұмыс деуге болады. Еңбек нарығына кадрлік сыныптарын өткізу үшін «Атамекен» ҰКП жетекші бизнес-тренерлері, қызмет көрсету және экономика саласындағы практикалық қызметкерлер келіп дәріс береді.

Халықаралық ынтымақтастық аясында Екатеринбург сауда-экономикалық техникумы, Новосибирск кооператив техникумы, Самарқандтағы туризм және мәдени мұра техникумымен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды. WorldSkills Astana-2023 байқауында колледж 13 құзырет бойынша дайындалып, оның 11 құзыреті бойынша үздік орындарға ие болды, оның 6-ауы – «Алтын медаль» иегері. WorldSkills халықаралық байқауы – дағды мен шеберлік сыналатын, шыңдалатын ерекше жоба.

– Колледждегі мамандықтардың қайсысына сұраныс көп? Колледж түлектерінің жұмысқа орналасу динамикасы қандай?

– Колледж түлектерінің жұмысқа орналасу динамикасы 84 пайызды құрайды. Негізінен, біз 5 мамандық бойынша мамандар даярлаймыз, олар – «маркетинг», «есеп және аудит», 2 түрлі IT мамандығы, «тамақтануды ұйымдастыру», «бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары. Бұл мамандарға сұраныс бар. Жастар осыған қызығып келеді.

Біз, негізінен, балаға талапты дұрыс қоя білуіміз керек. Жақсы оқу, әрине, керек шығар. Білім керек, бірақ ең керекті білікті болу, өміріне қажетті наным таба алуы дер едім. Кәсіптік білім берудің ең қажеттілігі осындайда туындайды, жастай білім мен еңбекті қатар ұштастыру студент өміріне қажетті дағдыны игеріп, нарық ағымына ілесіп кете алады, тіпті кәсіп ашып, кәсіпкер болуына толық мүмкіндік бар. Колледжде

оқыған балалар нарыққа бейім, заман өзгерістерін тез қабылдайтын жастар деп айтар едім. IT мамандығын бітірген түлегіміз жақында келіп кетті, бірер жылдың ішінде баспана алған, көлік алған, жақсы жалақымен отбасын, туыстарын асырап отыр. Қазір жұмыс берушілер жастардан диплом емес, білік талап етеді.

– Маманның өмірдегі өз орнын тауып, өзін-өзі қамтамасыз ету үшін міндетті түрде ЖОО бітіріп, 2-3 диплом алуы қажет пе? Білім не үшін керек, маңызды болып көрінуге ме, өзін-өзі қамтамасыз етуге ме?

– Болашақта қолында жоғары оқу орнын бітірген дипломы бар дегеннен гөрі қолынан не келеді деген талапқа мән беріледі. Колледждерге академиялық дербестік берілуінің арқасында біз қазіргі нарыққа қажет мамандарды даярлауды бастап кеттік. Мысалы, аспаз-кондитер мамандығы бойынша колледжі бітірген маман бір компанияға, я мейрамханаға жұмысқа кірді делік, енді осы жас маман әрі қарай өз кәсібін ашып, аяққа тұруы үшін не істеуіміз керек, тағы қандай дағды үйретуіміз керек – осыған орай, яғни ол кәсіпкерлікті бастау үшін бухгалтерлік есеп-қисапты, салықты қалай төлеу керектігін үйретіп жатырмыз. Нақты мысалмен үйретеміз, оқытушының өзі бизнес бастап, кәсіпкер болу үшін қандай құжаттармен, есеп-қисаппен жұмыс істеу керектігін өз тәжірибесімен үйретеді. Осыны меңгерген түлектеріміз қазір елорданың ең мықты компанияларында абыройлы жұмыс істеп, ақша тауып жүр. Елімізде көп кәсіпкер салықты дер кезінде төлемей немесе заңды бұзып, салғырттығынан бизнестің дамуына кедергі келуде, оны күнде көріп жүрсіз. Заңнама жағынан сауатты, өз ісін сүйетін, білікті кадр болса, оның ел экономикасына тигізер пайдасы ұшан-теңіз болар еді деп ойлаймын. Мен осы колледжге бизнес саласынан келдім. Басында оқу ордасындағы білім беру бағдарламасының өзектілігі мені қатты ойландыратын. Сосын ұжымға айттым «неге біз оларға да, елге де керекті дағдыларды үйретпейміз?!» деп осы бухгалтерлік есептеуді, кәсіп ашу ісіне бағыт-бағдар беру мәселесін қолға алмаймыз деген ойымды айттым, басында бұған таңданып қарады, 8 жыл бұрын осы мақсатты жүзеге асыра бастадық. Сондықтан біз нарыққа керек мамандарды әзірлей бастадық. Қазір колледжде 750 студент бар, оның 200-і биыл дипломын алады деп отырмыз.

– Сіз оңтүстік өңірде туып өсіп, Арқада білім алып, осында еңбек жолын бастадыңыз. 30-40 жыл ішінде Целино-



Болашақта қолында жоғары оқу орнын бітірген дипломы бар дегеннен гөрі қолынан не келеді деген талапқа мән беріледі. Колледждерге академиялық дербестік берілуінің арқасында біз қазіргі нарыққа қажет мамандарды даярлауды бастап кеттік

град-Ақмола-Астана қалай өзгерді?

– Өзім оңтүстікте туып өскенімнен, Қарағанды кооператив институтында білім алдым, сосын осы Целиноград қаласына көшіп келдім. Мені Арқаның жігіттері жылы қабағымен, кең құшағымен қарсы алды. Ақмолалықтарды жері қандай құнарлы болса, азаматтары да сондай мықты адамдар деп айтар едім. Біз келгенде Целиноград қаласында қазақтар 17 пайыз ғана болды. Осында келгенде облыстық тұтынушылар одағы мекемесінде ревизор ретінде жұмысымыз бастадым. Жұмыс барысында Ақмола облысының барлық ауданын аралап шықтық, кейін Целиноград аудандық сауда ісін басқардым. 2002 жылы осы колледжге басшылық қызметке келдім.

Негізі, мен еңбек, өмір жолымда жақсы адамдармен араластым, сыйластым, қызметтес болдым. Барлығының атын айту мүмкін емес. Сонда да өміріме үлкен әсер еткен, қамқор болған ағаларымды атап өткім келеді. Олар: Хазболат Ашляев, Ерқара Аймағамбетов, Саят Қамзебаев, Рашид Әкімов.

Астана басында бірнеше үлкен көшеден тұратын шағын қала еді, бұрынғы «Заречный» кеңшарында картоп егілетін, деп осы бухгалтерлік есептеуді, кәсіп ашу ісіне бағыт-бағдар беру мәселесін қолға алмаймыз деген ойымды айттым, басында бұған таңданып қарады, 8 жыл бұрын осы мақсатты жүзеге асыра бастадық. Сондықтан біз нарыққа керек мамандарды әзірлей бастадық. Қазір колледжде 750 студент бар, оның 200-і биыл дипломын алады деп отырмыз.

ысырып, биік ғимараттарды сала бермей, адамдар тынығатын, демалатын оазис болуы керек деп есептеймін. Алғаш келгенде қандай тамаша табиғат, неткен көрініс, неге отандастарымыз көптеп келмейді екен дейтінмін, ол арманым жүзеге асты, әрине, қала ел астанасына айналды. Тек экологиялық талаптарды да ескерсек деймін.

– Сізді Қажымұқан ауылында палуан ескерткішін көріктендіруге үлес қосты деп естідім. Елордада даңқты тұлға ескерткіші неге жоқ, ескі стадион ысырылса, аты алынып қалмай ма?

– Қаржылы азаматтар Қажымұқан атамның мұрасын жасатып, облыс әкіміне айтып, ол салтанатты түрде ашылғаны белгілі. Оның жан-жағын абаттандыруға мен біраз атсалыстым. Қазір ескерткіш әкімдік балансында тұр. Қаланың ескі бөлігінде тұрған Қажымұқан атындағы стадион ысырылса да, қайтадан оның аты беріледі деген сенімдемін. Өйткені ол – даңқты палуан ғана емес, Алашорда азаматтарының қасында жүрген үлкен парасат иесі, тарихи тұлға. Әкімдік халық үніне құлақ асады деген ойдымын.

– Балаларыңыз шетелде білім алыпты. Отбасыңызда қазақты тәрбиені орныққан ба?

– Жарым Гүлнәр екеуміз Қарағандыдағы кооператив институтында бірге оқыдық, бір жатақханада тұрдық. 2-курста дәм-тұзымыз жарасып, отбасын құрдық. Алла берген бір қызым, екі ұлым бар. Балаларымның барлығы қазақ мектебінде оқыған, жоғары білімді КИМЭП-тен алды, содан соң магистратурасын «Болашақ» халықаралық бағдарламасымен шетелден оқып келді. Қазір бәрі де халықаралық компанияларда беделді жұмыс істеп жүр. Келіндерім де жақсы, жоғары білім алған, тамаша, инабатты жандар. Әдемі, сүйкімді, ақылды немерелерім барына шүкір етемін. Біз үйде тек қазақ тілінде сөйлейміз, келіндер орамалын тағып, үлкендерге іліп сәлем салады. Ұлттық құндылықты насихаттау, ана тілімізді құрметтеу – біздің шаңырағымыздың қасиеті. Сосын балаларымызға шыншыл болуды жастайынан үйреттік, олар елдегі жемқорлық дегенге жаны қас. Осыған қуанамын.

– Педагогика саласында қызмет істегеніңізге көп жыл өтті. Сізді қоғамда, білім саласында қандай мәселелер толғандырады?

– Білімде қаржыландыру мәселесін шешер болса, көп білікті адам осы салаға қазір де келеді еді. Мектепке кетеді көбі. Мұны бәрі біледі. Осы мәселе оң шешімін тапса, кәсіптік білім беру саласына небір мықты мамандар ойланбастан келетін еді. Мені толғандыратын нәрсе – Мемлекет басшысы айтқан елімізде Әділетті Қазақстан құру мәселесі. Әрбір адам, әрбір министрліктің кадры осы әділдікке ұмтылуы керек, осыны қалайда орнатуымыз керек. Заңды ұстансақ, заң бойынша жүрсек, жемқорлық атаулының көзін құртсақ, керемет мемлекет болып қалыптасар едік. Ел байлығын ұқыпты пайдаланып, оны ел игілігіне жұмсаған дұрыс деп айтар едім. Жемқорлыққа жаным қас, себебі мені таза адамдар тәрбиеледі, мен де барынша жемқорлыққа қаны қас, адал перзент, шәкірт тәрбиелеп келеміз деген ұстанымдамын. Сондықтан ел Президентінің бастамасын қолдап, осыған ұмтылуымыз керек. Бос мақтанды қойып, елдікке, бірлікке, әділдікке жетсек, ұрпағымыз алдында жүзіміз жарқын болар еді деп ойлаймын. Абырой бәрінен қымбат!

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ**БАҚЫЛАУ АЯСЫ
КЕҢЕЙГЕН**

– Мұндай бап жол жүру ережесіне өткен жыл соңында енді. Алайда бұдан хабары жоқ көптеген автожүргізуші бағдаршамның сары түсіне өтіп кетуге болады деп ойлайды. Осындай теріс түсініктің салдарынан осы бағыттағы апаттық жағдайлар елордада өткен жылы 44 пайызға дейін өскен. Ереже бойынша бағдаршамның сары түсі шам белгілерінің ауысатынын және одан әрі жүруге тыйым салынатынын ескертеді. Осы кезде жүргізуші жүру жолағының немесе кесіп өтетін жол бөлігінің алдына тоқтауы қажет. Тек тежегішті шұғыл баспай тоқтай алмайтын жағдайларда ғана жүргізушіге сары түсте өтіп кетуге рұқсат берілген. Әрі оған салынған айыппұлды даулау да өте қиын. Өткен жылы сот тәжірибесінде бағдаршамның сары түсін елемеген 94 жүргізушіге салынған айыппұлдың 92-сін сот құқық бұзушылық деп таныды. Ал автомобилін шұғыл тежемей тоқтату мүмкін болмағанын жүргізуші ақылы техникалық сараптама арқылы дәлелдей алады. Бірақ техникалық сараптаманың құны айыппұлдан үш есе қымбат болғандықтан, көпшілік оған онша жүгіне де қоймайды, – дейді жол полициясының аға инспекторы Ерсаяын Сарыбаев.

Жасыратыны жоқ, қазір көшелердегі «Сергек» бейнебақылау камерасы көптеген жүргізушінің бас ауруына айналды. Соңғы мәліметтерге сәйкес, Астана қаласында 17 мыңға тарта бейнебақылау камерасы қойылған екен. Сол камералардың жол жүру ережесін бұзған жүргізушілерді тіркеу аясы анағұрлым кеңейтті. Жаңа технология енді автомобиль роліне кімнің отырғанын, оның сақтандыру полисі бар ма, көлік техникалық бақылаудан өткен бе, төленбеген қанша айыппұлды бар деген сияқты толып жатқан мәліметті орталық басқару желісіне бере алады.

Күні кешеге дейін «Сергек» бейнекамерасы жылдамдықты арттыру, тоқтау сызығынан асып кету, бағдаршамның тыйым салынған түсіне бағынбау, қоғамдық көлік жолағымен жүру тәрізді ереже бұзуларды тіркеп келсе, **өткен жылдың 19 желтоқсанынан бастап белдікті тақпау, жаяу жүргіншілерге жол бермеу, көлік жүргізіп келе жатып телефонмен сөйлесу, бағдаршамның сары түсіне өтіп кету, тағы басқа да жол жүру қағидаларын көпе-көрнеу**



«СЕРГЕК» БӘРІН КӨРЕДІ

Астана қаласында 15600 «Сергек» бейнебақылау камерасы орнатылған. 40 жыл жүргізуші болып, өткен жылы зейнет демалысына шыққан көршім ренжіп отыр. «Бұқаралық ақпарат құралдары мәлім еткендей, енді жол қиылыстарында бағдаршамның сары түсінен өтіп кеткен жүргізушілерге де айыппұл келетін болыпты. Бұл, біріншіден, қалыптасқан жол жүру ережесіне қисынсыз түзету енгізу болса, екіншіден, бүгінгі нарық заманында жекеменшік көлігімен адам тасып, өз күнін өзі әрең көріп жүрген жандардың айыппұл арқылы қалтасын қағуға бірден-бір себеп болмай ма?» дейді.

сақтамайтын жүргізушілерге айыппұл жазатын болды.

Биыл қаңтар айында Астана қаласының тұрғыны Ермекбай Есімов өзіне салынған айыппұлға келіспей, сотқа екі мәрте жүгінді. Екеуінде де талабы қанағаттандырылмады. Алғашқысында ол жол жүру ережесінің 593-бабы 2-тармағы бойынша қауіпсіздік белдігін пайдалану ережесін сақтамағаны, екіншісінде көлік жүргізіп келе жатып ұялы телефонмен сөйлескені үшін айыппұл төлеген. Айтуынша, қауіпсіздік белдігін тақпай көлігін орнынан қозғамайтын көрінеді. Дұрыс, бірақ «Сергек» бейнебақылау камерасының жазбасын тексере келгенде қауіпсіздік белдігін тақпаған оның жанында отырған жолаушы болып шықты. Ал ереже бойынша бұл құқық бұзушылыққа жолаушы емес,

көлік иесі жазаланады. Екінші айыппұлды тексергенде де жүргізуші қолына ұялы телефон ұстап отыр. Сөйтіп ол сот шешімімен бірінші құқық бұзушылық бойынша – 18460 теңге, екіншісіне 9230 теңге айыппұл төледі. Сондықтан жүргізуші тек өзінің ғана емес, қасындағы жолаушының да қауіпсіздік белдігі тағылмаса, көлігін орнынан қозғамауы тиіс.

**ТҮЙТКІЛ
АЗАЙМАЙ ТҰР**

Әрине, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бейнебақылау камера амағра оны түзетуге тарапынан болатын барлық құқық бұзушылықты тіркеуге қауқары жетпей жататыны да жасырын емес. Сосын онда да техникалық қателіктер болатынын жоққа шығаруға болмайды.

Алайда қауіпсіздік белдігін тағуды ыңғайсыз санайтындар небір қитұрлыққа баратынын дәлелдер көрсетіп отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдарында «Сергектің» осындай қызметі туралы ақпаратты естіген кейбір жүргізушілер үстіне қара белдік бейнеленген кеудеше кейіп алатынды шығарыпты. Сонда «Сергек» оларды қауіпсіздік белдігін тақпаса да тіркемейтін көрінеді. Түтпеп келгенде, сол жүргізуші өзінің өміріне қауіп төндіріп тұрғанын сезбейді. Неге десеңіз, 80 километр жылдамдықпен жүрген көліктегі жолаушының салмағы да 80 есе өсетін, сондай-ақ қауіпсіздік белдігі апат кезінде 60-70 пайыз жолаушының өмірін құтқаратыны дәлелденген.

– «Сергектің» көшелердегі жол ережесін бұзуды тіркеп, жүргізушілерге айыппұл са-

луы тәртіп орнатуға септігін тигізетінін де жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен «Сергектен» зәреzap болғандардың бірі менмін. Өткен жылдың соңында маған 6 SMS-хабарлама келді. Барлығы да менің жол ережесін бұзғаным туралы, айыппұл төлейтінімді ескерткен жазбалар. Дерее Жетіген көшесі бойындағы Әкімшілік полициясы басқармасына барып, қай жерде қандай жол ережесін бұзғандымы анықтадым. «Бақсам, бақа екен» дегендей, менің айыппұлдың барлығы дерлік қателік болып шықты. Қыста жол бөлігіндегі белгі сызықтар көрінбейді. Екі жерде мен осындай көріңбейтін сызықтарды «қиып өгіппін». Үш рет бағдаршамның сары жанғанын ескермегенім үшін «Сергек» маған айыппұл жазыпты. Сонда ережедегі түзетулер нақты күшіне енбей жатып

жүргізушілерге айыппұл салына бастауы тым асығыстық емес пе деген ойға қаласың, – дейді елорда тұрғыны, тәжірибелі жүргізуші Сұлтанхан Бекшин.

**ЖАЯУҒА ДА
ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК**

Кейінгі кезде жаяу жүргіншілерге қатысты түйткілді мәселелер де көбейіп отыр. Өткен жылы елордада 87 адам көлік дөңгелегінің астына түссе, 27-сі жаяу жүргінші жолағының үстінде жан тапсырған. Сондықтан арнайы жолақ сызып, белгілеп, ескертіп жатқанмен, көшедегі жаяу жүргіншілер өткелі – жол қозғалысындағы ең қауіпті аймақ. Бұған тек бір жақты жүргізушілерді кінәлай беруге де болмайды. Мойындау керек, оңтүстіктегілерге қарағанда астаналық жүргізушілер жаяу жүргіншілерге құрметпен қарайтыны байқалады. Алайда жаяу жүргіншілердің жолдан өтерде көлік соғып, жарақат алуы азаймай отыр.

– Биыл қаңтар айында Е. есімді азамат Тәуелсіздік даңғылында белгіленбеген жолдың келесі бағытына өтемің дегенде көлік қағып кетіп, жарақат алды. Ал №30 мектептің екі 10-сынып оқушысы жаяу жүргіншілер жолына өтерде құлаққаппен музыка тыңдап келе жатып, таяп келіп қалған машинаны байқамаған. Нәтижесінде екеуі де ауруханадан бір-ақ шықты, – дейді жол полициясы инспекторы Сүйіндік Сәкен.

Енді бірде жаяу жүргінші тротуардан жол бөлігіне түсіп тұрып, өтуге асықпаған. Жолдың қақ ортасына тұрып қалған. Осы кезде «Сергек» бейнебақылау камерасы сол жерден өткен әр жүргізушіге айыппұл жазып берген.

Жолдың мүлдем өтуге болмайтын тұсынан өтіп, ескерту жасаған жүргізушіге балағат сөздер айтып, тас лақтырған жаяу жүргіншіні де «Сергек» арқылы анықтап, әкімшілік жауапкершілікке тартуға тура келді.

Бұдан былай жол жүру ережесінің 5-бабы 24-тармағы 3-тармақшасына сәйкес, бағдаршамның сары түсі қозғалысқа тыйым салады. Бұрын сары белгі жүргізушіге қозғалысын аяқтауға мүмкіндік беретін. Алайда бұл талап дұрыс орындалмай, қиылыстарда кейінгі кезде жол-көлік оқиғасы жиі тіркелетін болды. Сондықтан мұндай құқық бұзушылықты енді бейнебақылау камерасы автоматты режимде тіркеп, сары түс жанғанда өтіп кеткендер енді бұдан былай 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді.

ЖАЗАЛАУДЫҢ БАЛАМА ӘДІСТЕРІ ҚАНДАЙ?

Қазіргі қоғамда қылмыстық саясат пен жазалау шараларының тиімділік мәселесі өзекті бола түсуде. Қолданыстағы қылмыстық жүйенің басты проблемаларының бірі – түрмелер мен колониялардың толып кетуі.

Осы мәселелердің шешімін іздеу барысында қоғам жазалаудың балама әдістеріне назар аударуда. Қылмыстық заңды ізгілендірудің арқасында бас бостандығынан айырумен байланысты емес, сонымен бірге сотталған адамдарға түзету мен қайта әлеуметтендірумен байланысты құқықтар мен міндеттерді жүктейтін жазалау әдісі жасалды. Бұл тәсіл – сотталғандарға оларды оңалтуға бағытталған белгілі бір міндеттерді орындай отырып, қоғамда қалуға мүмкіндік беретін пробациялық бақылаумен бостандықты шектеу. Бұл әдіс түрмелерге жүктемені азайтып қана қоймай, сотталғандарға қоғамдық өмірге белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Шартты түрде соттау – жазалау шараларының эволюциясы аясында да ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл әдіс соттарға жазаны басқаруға икемділік береді, бұл әр жеке жағдайларын ескеруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл қылмыс пен оның қайталануына қарсы

күресте тиімдірек болуы мүмкін және сотталғандарды оңалтуға ықпал етеді. Алайда икемді жазалау әдістеріне көшуде қиындықтар болуы.

Қазіргі уақытта бостандықты шектеу сот арқылы сотталған адамға оның бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттерді жүктеуден тұрады және сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясының қадағалауымен қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Сот бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындай отырып, сотталған адамға: сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның хабарламасынсыз тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын немесе оқуын ауыстырмау, белгілі бір орындарға бармау, оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, уәкілетті адамның рұқсатынсыз басқа жерлерге бармау міндеттерін жүктейді.

Жоғарыда аталған міндеттерді орындамау – пробациялық бақылау ережелерін қасақана бұзу.

Сот бас бостандығын шектеуге сотталған адамға оны түзетуге ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды жүктей алады: алкогольмен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныстық жолмен берілетін аурулардан емделу курсынан өту, отбасына материалдық қолдау көрсету және т. б.

Мәселен, бүгінде сотталушының жеке басын және санкцияда көзделген өзге де жазалау шараларын болуын ескере отырып, сот бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаны жиі қолданады. Осылайша, сот сотталғандарға түзету жолына түсуге және қоғамнан қол үзбей, әлеуметтік емес өмір салтын тоқтатуға мүмкіндік береді. Ең алдымен, бұл тәжірибе сотталушының өзі жасаған әлеуметтік қауіпті әрекеттің салдарын түзете алуымен байланысты.

Бірақ қылмыстық жаза жүйесін ізгілендіру барлық сотталғандардың сот берген мүмкіндікті пайдаланбауына және түзету жолына түспеуіне әкелуі мүмкін. Қазіргі уақытта пробациялық бақылау органдары өздеріне қатысты қайта қылмыс жасау мүмкін сотталғандарға ерекше қадағалау жүргізеді. Сот қойған шектеулер мен міндеттер, ең алдымен, сотталушының түзеу жолына түсуі, жұмысқа орналасуы және болашақта қайта қылмыстық құқық бұзушылықтар жасамауы үшін қажет екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар жазасын өтеуден бос қасақана жалтарған жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясы бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы материалдарды сотқа ұсынады.

Мысалы, Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі аудандарлық сотында Сарыарқа ауданының пробация қызметінде есепте тұрған М. бас бостандығын шектеуге сотталған адамға қатысты материал қаралды.

Сот отырысында сотталған адамның пробация қызметіне шақырылғаны, онымен тәрбиелік

сипаттағы профилактикалық әңгімелер жүргізілгені, жазаны өтеу шарттары түсіндірілгені, сондай-ақ қайта қылмыстар жасамау, қоғамдық тәртіпті бұзуға жол бермеу, оған сот жүктелген жыл сайын 100 сағат мәжбүрлі еңбекті өтеу жөніндегі міндеттемені орындау туралы қолхат алынғаны анықталды.

Сотталған адамның бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібін қасақана бұзғанын, оған сот жүктелген міндеттерді орындамағанын, сондай-ақ қоғамдық тәртіпке қарсы үш әкімшілік құқық бұзушылық жасағанын ескере отырып, сот Сарыарқа ауданының пробация қызметінің ұсынысын қанағаттандырды және бас бостандығын шектеу жазасын өтелмеген бөлігін 2 жыл 8 ай 15 күн бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырды.

Сотталған адамдарға, Сарыарқа ауданының прокуратурасына сапалы пробациялық бақылау жүргізу мақсатында, Бас прокуратураның тапсырмасы шеңберінде уәкілетті органдардың қатысуымен мобильді топ құрамында тұрақты негізде реидтік іс-шаралар өткізіледі.

Рейдтік іс-шараларды өткізудің алғашқы күндерінде ғана мобильді топ 2 адамға қатысты пробациялық бақылау қағидаларын өрескел бұзушылықтарды анықтады, атап айтқанда, олардың тұрғылықты жері бойынша сағат 22:00-ден кейін табылмауы. Осы фактілер бойынша аталған адамдарға қатысты пробациялық бақылау қағидаларын бұзу туралы анықтамалар жасалды, соның негізінде пробация қызметі сотқа жаза шарасын бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымдар жолдады.

Айта кету керек, ағымдағы жылдың өткен кезеңінде Сарыарқа ауданының пробация қызметі жазаны бас бостандығынан айыруға шектеумен ауыстыру туралы 20 ұсыныс жолданды, барлығы сот тарапынан қанағаттандырылды.

Қорытындылай келе, жазалау шараларын ауыстыру мәселесі бұл өз іс-әрекеттерімен қоғамдық тәртіп пен азаматтардың әл-ауқатын бұзуға әкеп соқтыратын ықтимал қауіпті қылмыскерлерді қоғамнан оқшаулау мақсатында мемлекет қолданатын төтенше қажеттілік екенін атап өткен жөн.

Диас ШӘМШИЕВ,
Астана қаласы Сарыарқа аудандық прокуратурасының бөлім прокуроры

№36-37 (4625) 28/03/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

1 СӘУІР



6:00 Әнұран
6:05 «Жадігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «ТАҢШОЛПАН»
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая
12:20 «Жат бауыр 2». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр 2». Телехикая (жалғасы)
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:35 «Дала дәмі»
14:50 «Ақорда»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
16:05 «Құдаша қыз». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШҮҚ АЛАҢ»
21:25 «ЖАТ БАУЫР 2». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН».
1:35 «Сана»
2:45 «Өмір көркем»
3:40 «Жадігер»



05:00 КОМЕДИЯ. «ЛЮБОВЬ СО ВКУСОМ»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»
10:25 МУЛЬТФИЛЬМ. «БУКАШКИ 2»
11:45 МУЛЬТСЕРИАЛ. «ТУРБОЗАВРЫ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «АЛДАНҒАН ҮМІТ»
14:00 «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘПКЕ»
16:00 «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ»
18:00 НОВОСТИ
18:25 ТОК-ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:25 ТОК-ШОУ. ТАЛҚЫ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН 2»
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘПКЕ»
22:30 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ХАБАРЛІКЕ»
23:30 «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ»



06.20 «Ене» үнді телехикаясы
07.15 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Осман 4» түрік телехикаясы
10.00 «Үміт үйі» телесериал
10.50 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
12.20 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
13.20 «Күйеу бала» телехикаясы
